Екінші кезеңді тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің институционализациясы ретінде белгілеуге болады, ол Лоренц фон Штайнның мемлекеттің жаңа қызметін концептуалды жалпылауынан және Германияда азаматтарды әлеуметтік көмек көрсету туралы таңдардың пайда болуынан басталды.

«Әлеуметтік мемлекет» түсінігін Лоренц фон Штайн 1850 жылы енгізді. «Әлеуметтік мемлекет» түсінігін анықтай отырып мемлекеттің жаңа қызметтерін анықтайтын бірқатар жағдайлар ұсынды. Ол мемлекет міндетін келесідей белгіледі

«мемлекет өз билігі көмегімен әр түрлі қоғамдық топтар, жеке тұлға үшін үшін құқықтарда абсолютті теңдікті демеп тұруы қажет. Мемлекет өзінің барлық азаматтары үшін экономикалық және әлеуметтік прогрессті итермелеуі керек, себебі біреуінің дамуы екіншісінің дамуына жағдайлар туғызады, әлеуметтік мемлекет туралы осы мағынада айтылады [2].

Азаматтарды әлеуметтік көмек көрсету туралы алғашқы заңдар Германияда 1883-1889 жж. өңделді. Ол канцлер Бисмарк арқасында іске асырылды, ол мемлекет бақылауымен жұмыскерлер, қызметкерлер және жұмыс берушілер жарнасына негізделген әлеуметтік қор қаражаты есебінен еңбек үстінде жарақат алу, ауру, мүгедектік, қартаю себебінен еңбек ақыдағы жоғалтулардың орнын толтырудың неміс жүйесінің негізін қалады [3].

Бір жағынан Бисмарк реформасы жалданбалы жұмыскерлердің жаппай әлеуметтік қамсызбанбауының кезеңін аяқтады, бірақ бұл реформаның ерекшелігі оның процедуралары мен сақтандыру жағдайларының үлкен дифференциациясында белгіленді.

Осы күнге дейін жеке-жеке жұмыскер, қызметкер, фермер және еңбек етушілердің басқа маманды топтары үшін Германияда әлеуметтік сақтандырудың көптеген салалық кестелері қалыптасқан. Осы ретте, Бисмарктік әлеуметтік сақтандыру жүйесін әр түрлі әлеуметтік қорларды пайдаланып орталықсыздандырылған «маманды» басқару әдісі деп атайды.

Өз дамуының осы кезеңінде әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыскерлердің өз бетімен ал жұмыс берушілердің еріксіз төленетін жарналары негізінде аз тәуекелді тобын қамтыды. Сақтандырудың бұндай жүйелері өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі ақтау негізінде құрылды, ал мемлекет қол қойылған келісімдердің кепілі терінде туындады, бірақ жүйенің жұмысын қаржыландырмады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму қағидасы: ерікті қатысу және жәрдемақыны еңбектің жарнасына қарай төлеу либерализм концепциясының негізінде жатыр, ол Ф.Хайек, В.Ойкен сияқты экономистер және мемлекеттік қызметкер Л.Эрхард сияқты ғалымдардың позициясында құрылды [4, 5].

Теоретикалық тұжырым ретінде өңделіп іс жүзінде Германиямен жүзеге асырылған әлеуметтік нарықтық шаруашылық моделі өз мәні бойынша неолибералистік тұжырымды туындады. Модельдің теоретикалық базасы Вальтер Ойкен басқарған Фрайбург мектебінің экономистерінің ордолиберализм тұжырымы болып табылады (тура мағынада «еркіндік тәртібі»). «Әлеуметтік нарықтық шаруашылық» түсінігінің анықтамасы мен негізін Альфред Мюллер-Армак деталды қарастырады, ал оның соғыстан кейінгі Германияда іс жүзінде қолданыс табуы Федеративті Германияның халық шаруашылығының министрі (келешекте канцлер) Людвиг Эрхард атымен байланысты [26].

Екінші кезеңнің мақсаты азаматтарды тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесімен қамту ауқымын кеңейту болып табылады.

Үшінші кезең үшін маңызды жағдай 1942 жылы жарық көрген У.Бевериджтің әлеуметтік қамсыздандырудың қағидалары мен әдістер туралы баяндамасы болды, ол мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің институттарының дамуына әсер етті. Оның өңдеген жүйесінің негізгі қағидасы еңбек ақыдан айырылған барлық тұлғалар үшін орнын толтыру болып табылады, ол әлеуметтік көмек көрсетуға теңеледі.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі, оның ойы бойынша, еңбек ақыны жоғалтудың салдарынан мұқтаж адамдардың барлығына қол жетерлік болуы керек, соның ішінде жасы келген және мүгедектік алған жандар.

Осы жағдай әлеуметтік көмек көрсету жүйесін «орталықтандырылған мемлекеттік басқару әдісі және ортақ мемлекеттік әлеуметтік қоры бар әмбебап» ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Осы кезеңде ХЕҰ конвенциясы мен ұсыныстары еңбекшілерді әлеуметтік сақтандыру жүйесін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен толықтыруға мүмкіндік береді, олар тұрғындардың басым бөлігіне көптеген әлеуметтік тәуекелден қауіпсіздендіруге мүмкіндік береді [2].

Үшінші кезеңде дамыған елдерде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қамту кендігімен және тәуекелдің орнын толтырудың жоғары деңгейімен сипатталады. Бірақ әлеуметтік көмек көрсетудің әлемдік тәжірибенің мәнді өзгерісі мемлекет рөлінің өзгеруі болды. Ол толығымен мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдерден әлеуметтік қамсыздандырудың үш бабын қаржыландыру бойынша міндеттерді алды. Ол ең алдымен мүгедектікпен байланысты және қарт жастағы адамдарғы қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етумен байланысты [2].

Қазіргі әлеуметтік көмек көрсету институттарының қалыптасуына ХЕҰ 1952 жылы қабылданған №102 «Әлеуметтік қамсыздандырудың минималды нормалар туралы» Конвенциясы әсер етті. Осы Конвенцияға сәйкес әлеуметтік қамсыздандырудың барлық салалары 9 топқа бөлінеді. Осы Конвенция барлық 9 топ үшін мерзімді төлемдердің минималды көлемін анықтайды. №102 Конвенциясы ХЕҰ басқа да ұсыныстарымен әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандырудың барлық жүйесін қайта құруға нормативті базасын құрды.

Осы жағдайлар мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігі ретіндегі әмбебап әлеуметтік көмек көрсету жүйесі үшін мықты негіздің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа типі өз мәні бойынша ел үшін азаматтарды базалық демеуді білдірді, әлеуметтік жарналарына немесе еңбек стажының ұзақтығына сәйкесінше жүйеге салған еңбек жарналарына тәуелсіз. Соңғы факторлар негізгі минимумнан артық жекеленген жәрдемақыларды, мысалы жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, асыраушыдан айырылу бойынша жәрдемақы және т.б. сияқтыларды анықтау кезінде маңызды роль ойнайды.

Сонымен қатар, осы кезеңнің басты сипаты, жүйе аясындағы игілік алушылардың контингентін кеңейту болып табылады. Соның арқасында Еуропаның барлық халқы медициналық қызмет көрсетуге және мектептік білімге қол жеткізді [2].

Үшінші кезеңнің мақсаты нарықтық экономикадағы орны толтырлуы тиіс тәуекелдер тізімін көбейту, соның ішінде мемлекеттік қаражат есебінен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік жүйелері осы кезеңде қоғамдық өнімді қайта бөлудегі басты құралға айналды, себебі мемлекеттік бюджет немесе мемлекеттік қорларға ақшалай түсімдер, сонымен қатар жәрдемақыларды төлеу мемлекет тарапынан жүргізіледі. Сондықтан әлеуметтік көмек көрсетудің дамыған мемлекеттік жүйесін пайдаланатын ел «әлеуметтік ел» атына ие болды.

Төртінші кезеңге көшу кезеңінде адамдық капитал теориясын және адамдық даму мүмкіндігінің теңдігінің әлеуметтілігінің тұжырымдамасын қоғамдық мойындау орын алды.

Т.Шульц, Г.Беккер, Дж. Минцер, Л.Туроу және олардың соңынан ерушілердің еңбектерінде зерттелген адамдық капитал теориясы жеке тұлғаның және соңғы есепте ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әлеумет деңгейі үшін жалпы және арнайы білімнің, біліктілік дағдының және өкілеттіліктің мәніне негіз берді [30].

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің қағидаларының жүйесін толықтырған жаңа қағидалар келесілер болды:

- субсидия арлылық қағидасы (немесе құзырылықты бөлу);

- шығындарға қатысу қағидасы.

Бірінші қағида іс жүзінде қызмет ететін құқықтық және шаруашылық механизмді туындайды, соған сәйкес билік құзырылығы осы нақты қоғамдық қажеттілік анағұрлым тиімді қанағаттандырылатын институционалды (мемлекеттік, аймақтық, жергілікті) деңгейге беріледі. Осылайша, тұрғындардың кедейшілігін төмендету, әлеуметтік қызмет көрсетудегі бастама аймақтық және жергілікті деңгейге беріледі.

Шығындарға қатысу қағидасы жекеленген әлеуметтік төлемдерді төлеу мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың жеке қаражатының қатысуымен жүзеге асырылатынын білдіреді. Азаматтардың жеке қаражаты зейнетақыны, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде мәнді [31].

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің дамуында ортақ тренд байқауға болады, ол ХЕҰ және бірқатар экономикалық теориялардың қоғамдық мойындалуымен және олардың дамыған елдердің саяси қызметіне еңгізілуімен байланысты. Дегенмен, әр түрлі елдердің институттарында айырмашылықтар бар, себебі жүйелер бастапқы институционалды шеңберін және қызмет ету механизмдерін сақтап қалады.

ЖЭӘД елдерінде әлеуметтік көмек көрсету жүйелерінің қазіргі үш типі ел тұрғындарын қамту ауқымы, жүйені басқару әдісі, қаржыландыру көздері, әлеуметтік жәрдемақыларды есептеу процедурасы, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету нысаны, қоғам алдындағы жауапкершілігі бойынша ерекшеленеді (1 кесте). Әлемдік экономикалық әдебиеттерде басқа да жіктеулер пайдаланылады.

1995 жылы Еуропалық комиссия ұсынған есепке сәйкес ЕО елдерінде төрт негізгі модель басым: континенталды (Германия, Австрия, Бенилюкс, Франция), англосаксондық (Ұлы Британия, Ирландия), скандинавтық (Швеция, Дания, Финляндия) және оңтүстік-еуропалық (Италия, Испания, Греция және Португалия) [2].

Қазақстанда Қазан төңкерісіне дейін әлеуметтік көмек көрсету туралы қандай да бір заңдар, тіпті «халыққа әлеуметтік көмек көрсету» түсінігінің өзі де болмаған. Әдетте қарт адамдар балаларының асырауында болған. Дәстүр бойынша балалардың кенжесі ата-анасымен өмірінің ақырына дейін тұратын болған. Жалғыз басты, сырқат, қауқарсыз адамдар әдетте білгілі бір туыстарының қолында болып, ондай туыстары болмаған жағдайда өз руластарының асырауында болған [3].

1 кесте - ЖЭӘД елдерінде әлеуметтік көмек көрсету жүйелерінің негізгі типтері және олардың сипаттары

Жүйелердің негізгі сипаттары	Беверидж жүйесі	Бисмарк жүйесі	Аралас жүйе
Әлеуметтік көмек көрсету типі	Әмбебап	Әлеуметтік - мамандырылған	Жалпы сипаттағы әлеуметтік көмек көрсету
Басқару әдістері	Мемлекеттік-орталықтандырылған	Жеке қорлар арқылы орталықсыздандырылған	Мемлекет бақылауындағы орталықсыздандырыл
Қаржыландыру көздері	Салықтар есебінен	Сақтандыру жарналары есебінен	Жартылай салықтар есебінен, жартылай жарналар есебінен

Жәрдемақы көлемі	Ортақ	Алатын еңбекақыға сәйкес, есептеу шекарасын белгілеу арқылы	Әлеуметтік минимумға белгілі бір қатынаста
Жүйе басым елдер	Ұлы Британия, Дания, Ирландия, Финляндия,	Австрия, Бельгия, Германия, Люксембург, Нидерланды	Греция, Испания, Италия, Португалия, Франция
Ескерту- [27] әдебиет негізінде автормен құрылды.			

Бұған қатысты қазақ ойшылы әрі ағартушысы Абайдың бастамасы бойынша 1885 жылы мамыр айында өткен Шар төтенше билер съезінің материалдарын қарастыруға болады. Бұл материалдарда жалғыз басты және қария адамдарға материалдық қамқорлық көрсету қажеттілігі жайды ой нақты көрініс табады [34]. Зейнетақылар туралы алғашқы заң 1918-1922 жылдары В.И. Лениннің жетекшілігімен қабылданды. Бұл заңға сәйкес мүгедектік бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақылар енгізілді.

Әлеуметтік қамтамасыз етудің бұл үлгісі нарықтық қатынастарға ауысу кезеңінде реформаландыруды қажет ететін. XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы экономикалық құлдырау қазақстандық халықты әлеуметтік көмек көрсету үлгісінің тарату жүйесінің дағдарысқа ұшыраған ахуалын онсыз да шиеленістіре түсті. Инфляция мен жұмыссыздықтың артуы, өндірістің құлдырауы жұмыс істейтін халықтың санының күрт азаюына әкеп соқтырды, ал бұл қарт адамдардың санының артуымен қатар, бір ұрпақтан (жұмыс істейтін) келесі ұрпаққа (жұмыс істемейтін) капитал ағымының күрт қысқаруын білдіретін. Жұмыс істейтіндер мен зейнеткерлердің санына қатысты тепе-теңдіктің бұзылуы Қазақстанның Зейнетақы қорындағы қаражат тапшылығының артуына, демек сәйкесінше, республикалық бюджеттің осы тапшылықты жабуға кететін шығындарының артуына әкеп соқтырды [35].

Сонымен қатар, реформаландыру барысында жеткілікті шамада материалдық қамтамасыз етуге септігін тигізетін халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгісін құру қажеттілігі туындады. Осылайша төменде қарастырылған халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің қазақстандық үлгісі құрылған болатын. Әлеуметтік қамтамасыз ету механизмін құру біздің елімізде халықаралық тәжірибені ескере келе жүзеге асырылды және БҰҰ, ХЕҰ, Дүниежүзілік банк және т.б. секілді халықаралық институттардың техникалық көмегі мен ұсыныстарына негізделді.

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды енгізу, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысу, натуралдық жеңілдіктерді монетизациялау, еңбекақы төлеу жүйесін реформаландыру, еңбек қатынастарының жаңа үлгілеріне ауысу және әлеуметтік әріптестікті дамыту, бағытталған әлеуметтік көмекті ендіру мемлекеттік тарапынан қатысудың дәрежесі жоғары әлеуметтік қамтамасыз етудің аралас үлгісінің құрылуына әкелді.

Трансформация кезеңінде болған объективті қиындықтар мен шығындарға қарамастан, еліміз салыстырмалы түрде қысқа уақыттың аралығында нарықтық шаруашылық жүргізу принциптеріне барабар мемлекет тарапынан тиімді реттелетін тепе-теңдестірілген әлеуметтік жүйені қалыптастыра алды. Республика 1998 жылдың 1 қаңтарында «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңды қабылдап, посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік «ортақ» жүйесінен жинақтаушы жүйеге көшті.

Шетелдік халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің қалыптасу

тәжірибесіне жасалған талдау олардың мәні мен мазмұнындағы айырмашылықтың барын көрсетті, мұның себебі - әр елге тән әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшелігі болады. Сондықтан Қазақстан Республикасы басқа үлгілерден ерекше (тек тарихи ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшелігімен байланысты) өзінің жеке интегралды үлгісін жасап шығару үшін халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің негіз қалаушы аспектілерін барынша мұқият зерттеуі тиіс.

М.Б. Кенжегузин өзінің еңбегінде атап өткендей, қазіргі уақытта Қазақстандағы аралас экономиканың қалыптасуы аралық, жедел мақсаттарды жүзеге асырудың негізінде құрылады, осы мақсаттардың негізгісі – халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Бұл адами капиталдың жаппай құнсыздануымен бүкіл әлеуметтік саланың деградациясы тенденциясының алдын алу үшін қажет [3]. Осыған байланысты 2001 жылы ҚР-дағы Халыққа әлеуметтік көмек көрсету тұғырнамасы әзірленді, онда халықтың түрлі топтарын әлеуметтік көмек көрсетудің негізгі түрлері мен нысандары көрініс тапқан.

Нарықтық экономика қызметінің негізін қалаушы ережелеріне сәйкес, республикамыздағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету қазақстандық ғалымдар зерттеп, әзірлеген блоктар мен механизмдер кешенінен тұратын арнайы әзірленген интегралды үлгіні жүзеге асырудың есебінен қамтамасыз етіледі. Осыншама күрделі үлгіні таңдау қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыруға бағытталуы мүмкін болатын қаржы ресурстарының арасындағы алшақтықтың артуына себеп болған елдегі ауыспалы кезеңнің ерекшелігімен байланысты болды.

Әдеби дерек көздеріне талдау жасай келе, Қазақстандағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгісін қарастыратын М.Кенжегузин, Е.Колос, О.Стаценко, С.Жолдасбаев, А.Алимбаев, С. Алпысбаева, У.Баймуратов, А.Сегізбаева, Т.Притворова секілді авторларды атап өтуге болады [36, 37, 38, 39, 40].

Олар шын мәнінде халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің қазақстандық үлгісін құрудың фундаменталды негізін қалады деуге болады. Аталған авторлар өз еңбектерінде халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үлгісін түрліше қарастырған болатын.

Біздің ойымызша, бұл мәселеде неғұрлым терең әрі күрделі деп Кенжегузиннің еңбегін атауға болады, онда автор Қазақстандағы халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үлгісін мұқият қарастырады. Еңбектің авторы халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің белсенді нысандарын дамыту қажеттілігі қалыптасып келе жатқан экономикалық жүйе әлі тұлғаның өз орнын табуы үшін қажетті шынайы алғышарттарды құрмағанымен, ал тұлғаның да, жеке әлеуметтік топтардың да бейімделу деңгейі олардың жаңа жағдайдағы өз кәсіби-біліктілік әлеуетін пайдалануының әлеуеттік мүмкіншіліктерімен анықталатындығымен байланысты болады деп атап өтеді [41]. Мұндай үлгі келесідей негізгі болқтардан құралады: әлеуметтік көмек көрсетудің деңгейлері; тұрғындардың тіршілік етуін қамтамасыз ету салалары; азаматтардың категориялары; әлеуметтік көмек көрсетудің ұлттық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық негіздері. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің қазақстандық үлгісі келесі деңгейлер бойынша жүзеге асырылады [2]:

1. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қалыптасуы республикалық және аймақтық деңгейлерді және түрлі әлеуметтік топтар мен тұрғындардың категорияларының деңгейін қамтиды. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің макродеңгейдегі негізі – тіршілікпен қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің қызметін қамтамасыз ету және минималды өмір стандартын ұстану.

2. Аймақтық деңгейдегі халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жүзеге асыру механизмі оның әрі қарайғы дамуы мен аумақтық ерекшеліктерді ескере отырып нақтылануын қажет етеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық аспектісін ескеру аймақтардың келесі түрлерін бөліп қарастыруды талап етеді:

1) жеткілікті түрле қаржымен қамтамасыз етілмейтін, экономикалық және әлеуметтік әлеуеті төмен;

2) жұмыссыздық деңгейі жоғары;

3) жоғары экологиялық қауіп-қатер аймағына жататын;

4) ауылдық тұрғындарының саны басым.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйесінің механизмі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған: әлеуметтік тұрғыда кепілдендірілген табыс минимумын қамтамасыз ету; жаппай жұмыссыздықты болдырмау; әлеуметтік әлсіз топтардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету, аймақтық инфрақұрылымды дамыту, халықты экологиялық көмек көрсету. Әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйесі аумақ бойынша мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктердің жүзеге асырылуын, қосымша әлеуметтік көмек көрсету нысандары мен әдістерін әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ халыққа әлеуметтік қолдау көрсетудің жеке аймақтық қорларын қалыптастырады.

3. Түрлі әлеуметтік топтар мен категориялардың деңгейінде жүзеге асырылатын әлеуметтік көмек көрсету механизмі, біріншіден, халықтың тіршілігін қамтамасыз етудің негізгі салаларының қызметін қамтамасыз ете отырып, барлық тұрғындарды; екіншіден, азаматтардың еңбек және жұмыспен қамту саласындағы құқықтарын жүзеге асыра отырып, еңбекке қабілетті тұрғындарды; үшіншіден, өзінің экономикалық жағдайына байланысты өзіне тұтынудың қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмайтындарға қолдау және көмек көрсете келіп, әлеуметтік әлсіз топтарды көмек көрсету және қолдауды қамтамасыз етеді.

Қажетті өнімді бөлудің объективті сипаты оны анықтаудың тәртібін заңнамалық тұрғыда бекітуді талап етеді. Бұл қажеттілік қоғамның әлеуметтік жіктелуінің артуына байланысты одан әрі халықтың басым көпшілігінің тіршілік деңгейі төмендейтін нарықтық экономиканың орнығу жағдайында туындайды. Мұндай жағдайда қоғамның дамуының аса маңызды алғышарты - әлеуметтік қатынастардың негізгі қатысушыларының әлеуметтік-экономикалық теңсіздігінің орнын толтыратын шарттарды құру және адамның минималды өмір стандартына деген әлеуметтік-экономикалық құқығын қамтамасыз ету.

Республикада шектеулі жалпыға ортақтық принципіне негізделген жүйе болмаған, яғни жүйеге қосатын жарнасына тәуелді тәуекелді жағдайға тап болған жұмыс істейтін азаматтарды қосымша көмек көрсету жүйесі жоқ.

Нарықтық экономика жағдайындағы халықтың түрлі категорияларының әлеуметтік қорғалу мәселесі көбіне тек табыстардың индекстелуіне және зейнеткерлерге, мүгедектерге, балалы отбасыларға және кейбір тұрғын топтарына жәрдемақы беруіне ғана сайып қояды. Және Қазақстан Республикасы үкіметінің бағдарламасына сәйкес, әлеуметтік көмек көрсетудің нысандары болып қоғамның барлық мүшелері емес, тек олардың кейбір категориялары ғана табылуы тиіс.

Мұндай ыңғай нарық жағдайларында әрбір еңбекке қабілетті адам өзінің жеке күшімен өз отбасының жағдайын жасап, оны әлеуметтік көмек көрсетуі тиістігіне негізделеді.

Дегенмен шетелдік тәжірибе мұндай материалдық өз-өзін қамтамасыз ету жүйесі өздігінен, автономды түрле қалыптаспайтындығын көрсетеді: ол қоғамның барлық мүшелеріне қатысты белгілі бір макроэкономикалық алғышарттардың болуын талап етеді; осы алғышарттарды құру – экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің атқаратын қызметі [3].

Қолданыстағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің оның тиімді қызмет етуіне

бөгет жасайтын кемшіліктері келесідей [4]:

- жетілмеген заңнама: әлеуметтік саланы реттейтін заңнама жүйесі күрделі әрі мөлдір емес, себебі негізінде әлеуметтік тәуекелдер мен төлемдердің негіздемелері бойынша емес, төлемдердің түрлері бойынша қалыптастырылған;

- әділеттіліктің жеткіліксіз болуы және ынтаның төмендігі: әлеуметтік жәрдемақыларды алу құқығын жүзеге асыру барысында салық төлемдерін жасайтын экономиканың формалды секторы қызметкерлерінің осы төлемдерді жасамайтындардың алдында басымшылығының болмауы;

- жүйенің мөлдірлігінің жеткіліксіздігі: жәрдемақыларды алу және бөлу үдерісін бақылау үшін қажетті жеке идентификациялау немесе мәліметтер базасының жүйесі орнығу сатысында тұр.

Ана мен бала денсаулығын әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне айрықша маңыз бере келе, Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында 2008 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істейтін әйелдердің жүктілік, бала туу және ана болуын міндетті түрде әлеуметтік сақтандыруды енгізуді тапсырды. Әлеуметтік сақтандырудың осы түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан төлеу тапсырылды [1].

Жүктілік, бала туу және ана болуды міндетті түрде әлеуметтік сақтандыруды енгізу Халықаралық Еңбек Ұйымының ана мен баланың денсаулығын көмек көрсетуға қатысты №103 Конвенциясына сәйкес келеді, онда ана болуына байланысты демалысқа шыққан әйелге ақшалай жәрдемақыны жұмыс берушінің есебінен емес, міндетті әлеуметтік сақтандыру органдарының қаражаты есебінен беру ұсынылады [5].

Әдебиеттер тізімі:

1 «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстан дамуының басты векторы» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қаңтар, 2016 ж.

2 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Наука, 1993-117 с.

3 Кравченко А.И. Основы социологии и политологии. М.: Академический проект, Фонд «Мир», 2004

4 Волков Ю.Г. Социология. Ростов-на-Дону: Феникс, 2007

5 Воробьева Э.Л. Методологические и методические принципы социологического исследования социальной сферы. Екатеринбург: Урал. гос. проф.-пед. ун-т, 2000. 40с.

Резюме

В статье рассмотрены содержание и механизмы реализации социальной защиты населения, основные её функции и направления поддержки отдельных категорий граждан в РК.

Summary

Abstract the article discusses the content and mechanisms of social protection of the population, its main functions and areas of support for certain categories of citizens in Kazakhstan.

Ильсова Б.Қ.
з.ғ.к., доцент,
Хавдал К.
аға оқытушы
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң Академиясының конституциялық,
халықаралық құқық және кеден ісі
кафедрасы

КОНСТИТУЦИЯ НОРМАЛАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСТАРЫ

Мақалада конституциялық құқық нормаларымен халықаралық құқық нормаларының арақатынасының тетіктері қарастырылған.

Кілт сөздер: Конституция, Конституциялық Кеңес, құқық, сот, Президент, акт.

XX - ғасырдың екінші жартысында халықаралық қатынастарды ұлттық заң жүйесіне әсерін тигізіп, ықпал ететіндей халықаралық құқықтық құжаттар әзірлеуге айқын бетбұрыс байқалады. Бұл бетбұрыс бара - бара күш алып, тұрақты құбылысқа айналып келеді. Аталған бағыттың сипатының белгісі ұлттық заңдарды демократияландыруға, ізгіліктендіруге, интернационалдандыруға, мемлекеттік – саяси құрылымды жетілдіруге ықпал ету болып табылады.

Әрине, халықаралық құқықтық нормалар ұлттық заңдардың және мемлекеттік құрылыстың барлық салаларын қамти алмайды. Басқару мен мемлекеттік құрылым нысандарын әр халық өзі таңдайды, және мұндай таңдауға халықаралық құқық ықпал ете алмайды. Еуропа мемлекеттерінің қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы жөніндегі кеңесте оған қатысушылар егеменді теңдік және құқықты құрметтеу қағидасын тұжырымдай келе «бір бірінің өздерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелерін еркін таңдап, дамыту құқығын құрметтейтін сияқты, өздерінің заңдары мен әкімшілік ережелерін белгілеу құқығын да солай құрметтейтіндігі» туралы келісімге қол жеткізді [1]. Сөйтіп халықаралық құқықтық мемлекеттік өздерінің өзара қатынасын ұлттық заңдарын құрметтеу негізінде құруға міндеттейтін маңызды нормасы халықаралық деңгейде орнықтырылды.

Сонымен бірге халықаралық құқық нормаларының ұлттық заңға әсері туралы да айтуға болады. Осы ретте халықаралық құқық нормаларымен өзінен өзі пайда болмағанын, әр түрлі елдердің мемлекеттік құқықтық құрылыс жөніндегі заңдарына мейлінше өміршендерін бойларына жинақтағанын атап көрсеткен жөн. Енді ол нормалар жекеленген елдер халықтарының еркін білдіретін сипатта емес, алдыңғы қатарлы халықаралық қоғамдастық арқылы халықтардың жинақталған еркін білдіретін жаң сапада жекеленген мемлекеттерге қайтып оралады.

Қазақ социалистік революциясы Ресей халықтарының өзін-өзі тану құқықтарын жариялады. Белгілі құжаттар, оның ішінде «Ресей халықтары құқығы декларациясы» қабылданды. Олар ұлттардың өзін-өзі тану жөніндегі құқықтарын іле-шала жариялаған алғашқы ресми құжаттар еді. Ресейдің басқа халықтарымен бірге қазақ халықтары да жаңа саяси құқықтық негізде өзінің мемлекеттігін құру құқығына ие болғандай еді [2]. Кейін КСРО құрамындағы Одақтық Республика болып қайта құрылған қазақтың Кеңестік автономиясы құрылды. Қазақ мемлекеттігінің аумағы белгіленді. Осыған қарамастан одақ шеңберінде қазақ республикасы егемендіктің

барлық атрибуттарына ие бола алған жоқ. Азаматтық болмады. Одақтық заңдарды қайталағандықтан Жоғарғы Кеңес формалды заң шығару органы болды. Республика Үкіметі барлық мәселелер бойынша КСРО Үкіметінің нұсқауын орындады. Мемлекеттілік шын мәнінде болған жоқ. Барлық билікті СОКП өз қолында ұстады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылы халықтың таптық сипаттамасынан тұңғыш рет бас тартты. Онда енді жұмысшы табы туралы, шаруа және еңбек интеллегенциясы туралы сөз болған жоқ. Жалпы «еңбекші» термині 1993-ші жылғы Конституцияда, 1995 жылғы Конституцияда да қолданылмайды. Дегенмен, Конституцияның екеуінде де халық туралы айтылады. Қазақстан Республикасы Конституциясында халық тұрғындардың бүкіл әлеуметтік қабатын жинақтаған тұтас әлеуметтік – саяси құбылыс ретінде ұғынылады. Осыған орай, «халық» ұғымы Қазақстан Конституциясына сәйкес біріншіден, ол байлық жағдайына қарай әлеуметтік қабаттарға, таптарға бөлінбеушілікті білдіреді, сөз жоқ, бұл маңызды конституциялық фактор болып табылады. Конституцияда мемлекет әлеуметтік, яғни, бүкіл халықтың өкілі ретінде танылады. Бұл мемлекеттің тұрғындарының қандай да болсын бір тобына екінші бір тобын кемсіту арқылы басымдық бермейтіндігін білдіреді. Мемлекет тиісінше олардың әлеуметтік жағдайларына қарай тұрғындардың барлық қабаттарына қамқорлық көрсетуі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы бүкіл халықты әлеуметтік топтарға бөлмей, олардың құқықтарын шектемей конституциялық құқықтық қатынастар субъектісі ретінде таниды. Екіншіден, халық ұғымына көп ұлтты қоғам жағдайында қазақ ұлты, басқа да барлық ұлттық топтар жатады, бұл, мемлекеттегі бүкіл халықтың әлеуметтік базалық негізін құрайтын қазақ ұлтына ерекше: құқықтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жеңілдіктер берілмейтіндігін білдіреді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде тану жеңілдіктер қатарына жатпайды, тек мемлекеттің барлық жерде және қайда да болсын ұлттық нысаны бойынша ұлттық болып табылатын сипатына жатады. Орыс тілін ресми қолданыс тілі ретінде тануда бұл салада жеңілдік берілмейтіндігін көрсетеді.

Мұндай жағдайда қазақ ұлтының өзін-өзі тану құқығы жоққа тән болды. Қазақ халқы өз қалауымен бірде бір өмірлік мәселені шеше алмады. Соның нәтижесінде қазақ тілі күнделікті қолдан шыға бастады, ұлттың қандық, тектік болмысы жойылуға айналды. Тағы басқа ұлттық ерекшеліктер солғын тартты. Ұлттың ұлт ретінде құрып кету қаупі туды. Сөйтіп, қазақ революциясы жариялаған ұлттың өзін-өзі тану құқығы, іс жүзінде жүзеге асырылмай қалды [3].

Тәуелсіздіктің жариялануымен бірге ұлттың өзін-өзі тану проблемасы қайтадан көкейкесті мәселеге айналды, бірақ ол тұрғындар құрамының көп ұлттылығына және басқаларына орай бұдан бұрынғы жылдары жинақталған сын пікірлер ескеріле отырып, жаңа талап деңгейінде шешілуі тиіс. Тиісінше, қазақ халқының өзін-өзі тану құқығы тек қазақтарға ғана емес басқа да ұлт өкілдеріне де қатысты. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік органдарды тұтас алғанда мемлекеттің өзін-өзі тану құқығының проблемасын шешудің мынандай жолын ұсынады: «байырғы қазақ жерінде шаңырағын көтерген қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматтарының тең құқылығын қамтамасыз етеді». Демек Қазақстанның мемлекеттілігі бүкіл халықтың өзін-өзі саяси тануының нысаны және ұлтына қарамастан бүкіл азаматтарына қызмет етеді. Ал оның кепілі – «мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы - халық» (3 бап 1 тармақ) болып табылатын Қазақстан халқының бүкіл адамдарының бірігуі [4].

Конституция халықтық егемендік, халық бірлігі барлық салада азаматтар құқықтарының кепілдігі идеясын жүйелі жүргізіп отырады, және осы конституциялық қағидалар халықаралық құқық нормаларына толық сай келеді. Біріккен Ұлттар

Ұйымының Бас Ассамблеясы 1996-шы жылғы 16-шы желтоқсандағы 15-ші сессиясында қабылдаған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің бірінші бабында «Барлық халықтардың өзін-өзі тануға құқығы бар. Осы құқықтар арқылы олар өздерінің саяси мәртебесін еркін белгілейді және өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының еркін қамтамасыз етеді» деп жазылған.

Демек, Қазақстан халқының еркі мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы болып табылады. Міне, осыдан келіп, мемлекет органдарын қалыптастыру және олардың қызметін халықтың еркі негізінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948-ші жылғы 10-шы желтоқсанда қабылдаған «Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында» былай деп жазылған: «Үкімет билігінің негізі халықтың еркі болуы тиіс. Ол ерік жасырын дауыс беру жолымен немесе басқа да бір алуан нысандары арқылы қамтамасыз етілетін дауыс беру бостандығын жалпыға бірдей және тең сайлау құқығымен өткізілуі тиіс кезеңдік және төте сайлауларда өз көрінісін табуы тиіс».

Конституция халықтық мемлекеттің билікті тікелей, сондай-ақ өз өкілдері арқылы жүзеге асыру құқығын орнықтырды. Егер халықаралық құқық нормалары Үкіметтің өз қызметіндегі еркінің көрінуі туралы және мемлекеттік билік органдарын демократиялық жолмен сайлау туралы әңгіме болса Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселе одан әрі тереңдетіле түседі.

Біріншіден, Конституцияда Парламент және Президент халықтың атынан сөйлейтіндігі айтылады. Тиісінше, тек атқарушы органдар ғана емес, сондай-ақ заң шығарушы органда халықтың еркін білдіреді.

Екіншіден, заңдардың жобалары және басқа да қоғам өміріндегі маңызды мәселелер бүкіл халықтық талқылауға немесе референдумға шығарылуы мүмкін.

Халықаралық құқық нормалары өзін-өзі тану құқығына тек саяси құқықты ғана емес, сондай-ақ экономикалық құқықты да жатқызады. Аталған пактіде азаматтық және саяси құқықтар туралы мынандай қағида бар: «Өздерінің алдарына қойған мақсаттарына жету үшін барлық халықтар өзара тиімділік қағидасына негізделген халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан және халықаралық құқықтан туындайтын міндеттемелеріне қайсы бір нұқсан келтірмейтіндей жағдайда өзінің табиғи байлықтары мен ресурстарына еркін билік жүргізе алады».

Қазақстан Республикасының Конституциясы меншіктің екі нысанын: мемлекеттік және жеке меншікті таниды. Меншіктің екі нысаны да заң алдында тең. Сонымен бірге жер және оның қойнауы, су көздері, табиғи өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар қайсы бір басқа жақтың талан-таражына салынып, ысырап етпеуінен қорғау, оларды тиімді пайдалану үшін мемлекеттің түпкілікті меншігінде болады [5]. Табиғат байлықтарын игеру мен пайдалануға қатысты қатынастарды құқықтық жағынан реттеудегі кемшіліктің қай-қайсысы болсын қазіргі және болашақтағы қоғам үшін де толмас олқылықтарға ұрындырады. Табиғи ресурстар – жай мемлекеттік меншік қана емес, байлық ретінде де әр адамның мүдесіне орай пайдаланулары тиіс. Сондықтан табиғи ресурстарды билеуге қатысты әр лауазымды адам халық алдындағы жауаптылығын сезінуі тиіс. Құқық осындай лауазымды адамдар жауаптылығын ерекше режимін белгілеуі қажет. Халықаралық құқықтың нақты мемлекеттің құрылымдық және басқару проблемаларына да араласпайтыны белгілі. Сонымен бірге мемлекет қызметін ұйымдастыруда халықаралық құқық нормаларына сүйенетін бірқатар мәселелер бар.

Оның қатарына бірінші кезекте мемлекетті демократияландыру мәселесі жатады. Халықаралық құқық нормалары нормативтік биліктің демократиялық

тұрғыда ұйымдастырылуын қолдайды. Осы нормалар қазақстан Республикасының Конституциясында жүйелі қолданылады.

Әдебиеттердің тізімі:

- 1 Ю.А.Ким. Верховенство Конституции в системе правовых актов Казахстана / Вестник Мин.Юст.-Алматы, №7.- 1996г.
- 2 А.Т.Ащеулов. Этапы становления конституционного законодательства и конституционализма / Мир закона. – Москва, №8.- 2000г.
- 3 А.Т.Ащеулов. Вопросы теории конституционного права РК / Материалы юбилейной научно-теоретической конференции. КазГЮА. – Алматы, 2000г.
- 4 К.К. Айтхожин. Прямое действие Конституции РК / Фемида.-Алматы, №2. - 2000г.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы, 30.08.1995 жыл.

Резюме

В статье представлены механизмы соотношения норм международного права и конституционного права.

Summary

In the mechanism to become predstavlenı sootnoşeniya norm of international right, konstitwcionnoe Law

**ВЕЩНЫЕ ПРАВА НА ЧУЖУЮ ВЕЩЬ: ВОЗМОЖНОСТИ РАСШИРЕНИЯ
В ГРАЖДАНСКОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

В исследовании автор дает исчерпывающее понятие вещного права на чужую вещь. Помимо этого, подробно рассматривается регламентация сервитута и его видов. Выдвигается мнение, что ст. 195 ГК РК необходимо редактировать. Также утверждается, что если учитывать присутствующий институт приобретательной давности, использование которого распространено в РК, имеются предпосылки включения права владения в совокупность вещных прав и его законодательное закрепление. Автор считает, что целесообразно предоставлять правоприменителю полный перечень оснований возникновения и прекращения вещных прав.

Ключевые слова: вещное право, сервитут, право собственности, право землепользования, завещательный отказ, приобретательная давность, виды сервитута.

Вещное право относится к категории абсолютных прав. Это означает, что в отличие от субъекта вещного права существует неопределенное число лиц, которые обязаны не препятствовать осуществлению этого права. Эта обязанность состоит в воздержании от действий, препятствующих реализации права. Вещное право пользуется абсолютной защитой; оно обеспечивается посредством реальных действий, направленных на возвращение или приобретение вещи.

Отрицание Советской властью всего частного повлекло за собой отмену частной собственности на недвижимое имущество, а также ликвидацию деления вещей на движимое и недвижимое. Но в то же время в гражданском кодексе 1922 года был введен особый раздел «Вещное право», в котором отражались три вида прав на вещи: право собственности, право залога и право застройки. Центральным институтом вещного права являлось право собственности. В задачу законодателя входило создание наиболее благоприятного режима для социалистической собственности.

В гражданском праве буржуазных государств, существует несколько форм права, наиболее важным из которых является право собственности. Кроме того, вещное право включает в себя право пользования чужим имуществом и извлечения дохода от нее - так называемый узуфрукт (Франция, Италия, Федеративная Республика Германия [ФРГ]); сервитуты, например, право прохода через чужой земельный участок (Франция, Италия, ФРГ, Япония); право залога движимого или недвижимого имущества (Франция, ФРГ, Великобритании, США и Японии); здание сдается в аренду (ФРГ) и, аналогично этому учреждению, понятие надбавки в законодательстве Италии и Японии, где есть также вещное право заниматься сельским хозяйством на земельном участке, принадлежащем другому лицу (emphyteusis); и услуга недвижимости (ФРГ) - право на периодические платежи в денежной или натуральной форме за данный земельный участок. Все эти вещные права могут возникать в результате договора, заключенного собственником или на основании воли и договора, заключенного предыдущим собственником имущества. В гражданском праве Великобритании и

США все формы вещного права, за исключением права залога, рассматриваются как разновидности права собственности [1].

Основным вещным правом является право собственности (*dominium*) (*freehold, leasehold, commonhold*). Признание владения (*possessio*) в качестве вещного права или просто в качестве источника определенных полномочий и действий зависит от существующей правовой системы. Подчиненные или ограниченные вещные права, как правило, касаются обременений, прав и интересов безопасности [2, с.118].

Категория вещных прав включает не только право собственности, но и иные (ограниченные) вещные права. Они обладают всеми признаками вещных прав, составляя их разновидность. Право собственности на вещь является наиболее широким по содержанию, но не единственным вещным правом. В отличие от права собственности ограниченное вещное право представляет собой право на чужую вещь (*jura in re aliena*), уже присвоенную другим лицом - собственником.

Если говорить о перечне вещных прав на чужую вещь, непосредственно определенных как таковые в законе, то можно назвать следующие права: право землепользования; права хозяйственного ведения и оперативного управления, другие вещные права могут быть предусмотрены иными, помимо ГК, законодательными актами.

В данном исследовании нами больше внимания уделяется ограниченному вещным правам. Значимость ограниченных вещных прав является огромной, т.к. одной из главных особенностей можно считать сохранение вещных прав в процессе смены собственника. В частности, в п. 3 ст. 195 ГК РК определяется, что переход права собственности на имущество к другому лицу не является основанием для прекращения вещных прав на это имущество, если иное не предусматривается законодательными актами Республики Казахстан.

В юридической литературе даются различные определения ограниченного вещного права: «ограниченное право как право в том либо ином ограниченном, точно регламентированном законодательством отношении означает использовать чужое, как в большинстве случаев, недвижимое имущество в собственных интересах без посредства его собственника (в том числе помимо его воли)» [3, с. 592].

В цивилистической науке известны мнения, касающиеся систематизации вещных прав. В частности, Синайским В.И. была сформирована классификация вещных прав. Ученый представлял следующие его виды: полное - право собственности, и неполное, представленное сервитутом (отдельным правом пользования и правом угодий), эмпитевзисом (чиншевым правом), суперфицием (правом застройки), залоговым правом, вещными повинностями, правами на недра земли [4, с. 208].

Шершеневичем Г.Ф. к вещным правам относилось право собственности, сервитут, чиншевое право, залог и владение [5, с. 142].

Покровским И.А. делились вещные права на основные группы, которые представлены:

- правами пользования чужими вещами (сервитутом, правами застройки, пожизненным пользованием);
- правами на получение известной ценности из чужой вещи (правами заклада, вотчинными выдачами);
- правами на приобретение известной вещи (правом преимущественной покупки, выкупа) [4, с. 593].

Лихотниковой Е.П. выделяются также определенные виды ограниченных вещных прав, которые представлены:

- правами пользования чужими вещами (сервитутами, узуфруктом, правом застройки и эмпитевзисом);

- правами на получение выгод от реализации чужой вещи при ее отчуждении против воли собственника;

- правами приобретения чужой вещи [6, с. 577].

Согласно ст. 195 ГК РК, вещные права вместе с правом собственности представлены: правом землепользования; правом хозяйственного ведения; правом оперативного управления; правом ограниченного целевого пользования чужой недвижимостью (сервитут).

В ст. 12 Земельного кодекса РК содержится определение сервитута. В частности, сервитутом является право ограниченного целевого использования чужим земельным участком, для таких целей, как проход, проезд, прокладка и эксплуатация необходимых коммуникаций, охотничьего хозяйства и рыбного хозяйств и иных нужд [8].

В ст. 67 Земельного кодекса РК предусматриваются основания формирования сервитута. В частности, собственник либо землепользователь должен предоставлять заинтересованным физическим и юридическим лицам право ограниченного целевого пользования земельным участком, на который ему принадлежит право собственности либо землепользования.

Право ограниченного целевого пользования чужим земельным участком (сервитут) может возникать по определенным основаниям, которые представлены:

- непосредственно нормативным правовым актом;
- договором заинтересованного лица с собственником либо землепользователем;
- актом местного исполнительного органа;
- решением суда;
- иными случаями, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

Согласно ст.23 Водного кодекса РК - водный сервитут на водные объекты может выступать в публичной и частной формах. Каждым могут использоваться водные объекты общего пользования, в данном случае публичный водный сервитут - это неотъемлемая часть права пользования водным объектом [9].

Можно сделать вывод, что водный сервитут может быть публичным и частным:

1) основания публичного водного сервитута на водный объект, который не является водным объектом общего пользования, представлены:

- законодательством Республики Казахстан;
- актом местного исполнительного органа области (города республиканского значения, столицы);
- объявлениями порядка использования водного объекта физическими или юридическими лицами, которые получили его в пользование.

2) частный водный сервитут устанавливаются на тех же основаниях, что и публичный, а также он может быть установлен, основываясь на судебном решении.

Публичный и частный водные сервитуты устанавливаются в определенных целях, которые представлены:

- забором воды без использования сооружений, технических средств и устройств;
- водопоем и прогоном скота, ведением рыбного хозяйства;
- использованием водных объектов как водных путей для паромов, лодок и прочих маломерных судов.

В содержании теории гражданского права присутствует классификация видов сервитута.

- в случае, когда сервитут подразумевает право прохода, проезда либо прогона скота - это сервитут перемещения;

- строительные сервитуты представлены двумя видами: сервитутом стройки или сервитутом опоры. Если требуется проход через территорию чужого земельного

участка для строительства, реконструкции либо капитального ремонта - это будет являться сервитутом стройки. Сервитут опоры используют тогда, когда необходимо устанавливать опору конструкций в процессе строительства, реконструкции либо капитального ремонта здания или сооружения на чужом здании или сооружении расположенном на земельном участке.

- в случае, когда необходим отвод либо подвод воды для мелиорации - это является сервитутом мелиорации;

- если необходимо проведение горных работ (представлено размещением оборудования или сооружений, которые необходимы для добычи полезных ископаемых) - это является горным сервитутом;

- если присутствует ремонт, реконструкция, эксплуатация объектов коммунального назначения, то это коммунальный сервитут [6, с. 577].

Помимо этого, законодательно закрепляется следующая классификация сервитута:

- частным сервитутом предусматривается право ограниченного пользования соседним либо иным земельным участком для прохода или проезда, когда иной путь невозможен или же крайне затруднен, либо для таких нужд, как мелиорация, прокладка линий электропередач и т.п. Частный сервитут устанавливают, основываясь на договоре между собственником земельного участка либо земелепользователем и тем лицом, которому нужно установление сервитута;

- публичный сервитут устанавливают в интересах государства либо местного населения, основываясь на акте местных исполнительных органов.

Отдельные разновидности сервитута определяются различными нормативными актами. Со стороны законодателя должна быть их четкая регламентация. Необходимо привести ясное, однозначное определение сервитута, как вещного права. То есть регламентировать, что понимается под сервитутом, каковым является статус сервитута, какие права и обязанности субъектов сервитута. В случае, если будет дан исчерпывающий список видов сервитута в ГК РК, - определение вещного права, сервитута, то тогда будет отсутствовать необходимость в дублировании толкования понятия сервитут и иных вещных прав в содержании других законодательных актах.

Отметим, что предлагается и иная классификация ограниченных вещных прав. Она представлена залогом, правом постоянного землепользования, земельным сервитутом, правом пожизненного проживания в жилом помещении, предоставленным в силу завещательного отказа или в силу договора ренты, правом хранителя по договору о секвестре или же по судебному решению по установлению секвестра, правом кондоминиума по использованию жилого посещения, которое находится в частной собственности его члена, для производства ремонта общих помещений, если невозможно производить ремонт, кроме как с применением данного помещения, правом найма жилого помещения из государственного жилого фонда, правом аренды государственного предприятия, если арендатору предоставляют право последующего выкупа арендуемого имущества, правом, вытекающим из негаторных исков [1].

Полагаем, что ст. 195 ГК РК необходимо редактировать.

В частности, в пп.4 п. 1 пп. 4 этой статьи закрепляется присутствие иных видов вещных прав, которые находятся в ГК РК, а также в содержании иных законодательных актов. Полагаем, что виды других вещных прав на чужую вещь, предусмотренных в ГК РК, можно было бы сразу включить в п.1 ст.195 ГК РК, путем внесения дополнений. В частности, право недропользования, право временного пользования земельным участком, находящимся в частной собственности, залог.

Для того, чтобы понимать какие еще присутствуют разновидности вещных прав, необходимо проведение тщательного анализа всей законодательной базы, что является не совсем удачным с точки зрения толкования и правоприменения нормативных актов.

Помимо этого, если учитывать содержание ст. 195 ГК РК, законодатель закрепляет возможность в расширительном толковании видов вещных прав. Что опять-таки, является не совсем правильным, как мы полагаем. Присутствует необходимость строгой и четкой систематизации вещных прав, которую не должны подвергать расширительному толкованию, а она должна быть исчерпывающей.

В частности, помимо вышеназванных типов вещных прав, которые обозначены законодателем как вещные права, присутствует совокупность иных вещных прав, которые нуждаются в закреплении и придании им статуса вещных прав.

Изучив ст. 240 ГК РК, можно прийти к выводу, что подинститут приобретательной давности однозначно относится к институту вещных прав.

В частности, в ст. 240 ГК РК изложено, что гражданин либо юридическое лицо, которые не являются собственниками имущества, но добросовестно, открыто и непрерывно владеют как своим собственным недвижимым имуществом в течение 7-ми лет, либо иным имуществом не менее 5-ти лет, приобретает право собственности на это имущество.

Можно сделать вывод, что налицо факт владения вещью. Субъект владения - это добросовестный приобретатель, отношение которого к данной вещи, как к собственной. При этом нет права собственности на данную вещь у добросовестного владельца, однако в силу срока давности, а именно 7 лет - для недвижимого имущества и не менее 5-ти лет - для движимого имущества он может приобрести право собственности на вещь.

Также необходимо учесть предусмотренную ГК РК защиту собственного владения против третьих лиц, которые не являются собственниками имущества, а также не имеют прав на владение им в силу иного основания, который предусматривается содержанием законодательных актов или договором.

Такое право приобретения вещи в собственность в силу приобретательной давности может рассматриваться как вещное право, так как здесь не идет речь о должнике либо кредиторе.

Полагаем, что если учитывать присутствующий институт приобретательной давности, использование которого распространено в РК, имеются предпосылки включения права владения в совокупность вещных прав и его законодательного закрепления.

Н.А. Назарбаев, характеризуя «Жеті-жарғы», наряду с «Қасым ханның қасқа жолы» и «Есім ханның ескі жолы» отмечал, что «эти правовые памятники отразили вековую мечту казахского народа о единении и обретении самостоятельной государственности». Великий Абай в третьем слове «Назиданий» сожалел о том, что «не каждый бий помнит сейчас “старые истины”, завещанные Есим ханом, или “светлый путь”, проторенный Касым ханом или “Семь сводов законов”, оставленных мудрым Тауке». Показывая свое отношение к «Жеті-жарғы», Абай одновременно демонстрирует свои правовые взгляды на современность, свое отношение к праву, как к испытанному веками надежному регулятору общественных отношений. Нельзя забывать, что он в первую очередь был правоведом. Сын известного бия XIX века Кунанбая, Абай и сам не раз выполнял эту юридическую функцию, о чем свидетельствует знаменитая эпопея Мухтара Ауэзова[2,с.173].

В Древнем Востоке еще раньше, в 26 веке до нашей эры законы царя Хаммурапи гласили: «Целью правителя является обеспечение в стране права, уничтожение дурного и злого, дабы сильный не вредил слабому». Китайский мыслитель Хан Фэй в 3 веке до нашей эры подчеркивал: «Законы, а не личные желания, не произвол правителя должны лежать в основе государственного устройства».

С вхождением в состав Русской империи, в период раннего феодализма появилась такая мера наказания, как лишение свободы, которое в свою очередь применялось крайне редко и в основном в отношении политических противников. инакомыслящих (еретиков), а также для разрешения династических конфликтов. В тот период доминировали телесные, позорящие наказания (четвертование, вырывание ноздрей и т.д.).

В Воинском Артикуле Петра I 1715 г. система пожизненного заключения трансформируется в направлении бессрочных каторжных работ (направление на галеры, в арестантские роты).

Со второй половины XVIII века русское самодержавие, как и Казахское ханство, так и правительства на Западе, перешли к более широкому применению лишения свободы в форме тюремного заключения, постепенно отказываясь от ранних форм борьбы с преступностью. Но и эта форма носила на себе черты беспощадно жестокой расправы с заключенными крепостей, острогов, монастырских и общеуголовных тюрем. Состояние всех этих мест лишения свободы и режим в них сохранили черты предшествующего XVII в. В 1813 г. был разработан проект Уголовного Уложения Российской Империи. Проектом было определено 7 родов наказаний, в том числе бессрочное лишение свободы. В 1825 году проект Уголовного Уложения был внесен на рассмотрение Государственного Совета Российской Империи, но так и не был принят.

После советское уголовное законодательство не знало ни пожизненного лишения свободы в его "классическом" варианте, ни бессрочной каторги.

В Уголовном кодексе Казахской ССР от 22 июля 1959 года, который действовал до 01 января 1998 года, было предусмотрено 25 составов преступлений, предусматривающих наказание в виде смертной казни.

Указом Президента от 17 декабря 2003 года за № 1251 «О введении в Республике Казахстан моратория на смертную казнь», введенным в действие с 01 января 2004 года был объявлен бессрочный мораторий на исполнение смертной казни до решения вопроса о ее полной отмене.

С 01 января 2004 года в Казахстане введено пожизненное лишение свободы в качестве альтернативы смертной казни.

В рамках выбранного подхода к постепенному решению вопроса отмены смертной казни Казахстан присоединился к Заявлению Европейского Союза об отмене смертной казни, сделанному 19 декабря 2006 года.

На 61 сессии Генеральной Ассамблеи ООН Казахстан также поддержал Резолюцию 62-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН «Мораторий на высшую меру наказания с дальнейшим рассмотрением возможности отмены смертной казни», одобренную 18 декабря 2007 года[3].

Следующим шагом стало введение пожизненного лишения свободы, которое могло стать реальной альтернативой смертной казни. Уверенность в этом основывалась на материалах судебной практики. После того, как в новом Уголовном кодексе максимальный срок лишения свободы за преступления, за которые могла быть назначена смертная казнь, был увеличен с 15 лет до 20 лет, а по совокупности приговоров – до 30 лет, количество смертных приговоров уменьшилось вдвое. Как видите, судьи стали отдавать явное предпочтение новым, более длительным срокам лишения свободы. Исходя из этого, были все основания полагать, что появление института пожизненного заключения сведет случаи вынесения смертных приговоров до минимума, что и произошло впоследствии на практике.

К настоящему времени в стране наработан определенный практический опыт исполнения наказания в виде пожизненного лишения свободы, который показывает, что этот институт нуждается в совершенствовании.

По своей правовой природе пожизненное лишение свободы в Казахстане не является самостоятельным видом наказания. Это всего лишь разновидность лишения свободы, хотя и имеющая свои особенности.

Пожизненное лишение свободы можно определить как наказание, назначаемое на неопределенный законом срок лицу, признанному виновным в совершении особо тяжких преступлений, посягающих на жизнь и общественную безопасность, и заключающееся в изоляции осужденного от общества путем направления его в колонию особого режима.

Пожизненное лишение свободы отвечает всем целям уголовного наказания. Восстановление социальной справедливости при пожизненном лишении свободы заключается в реализации его исполнения. Цель исправления осужденного в возможности условно-досрочного освобождения. Характеризуясь высоким устрашающим потенциалом, пожизненное лишение свободы служит целям общего и частного(специального) предупреждения преступлений.

Пожизненное лишение свободы сегодня реализует две противоположные тенденции: усиления карательной политики государства и гуманизации наказания. Государство проявляет снисхождение к преступнику, сохраняя ему жизнь. Более того, дает определенную надежду на освобождение при условии отбытия установленного законом обязательного срока наказания. В то же время, неблагоприятная криминогенная ситуация, в части совершения тяжких и особо тяжких преступлений, стимулирует государство к принятию жестких уголовно-правовых мер в борьбе с преступностью. В этой связи введение в систему уголовных наказаний пожизненного лишения свободы представляется вполне закономерным.

В зарубежных странах, опыт организации исполнения пожизненного лишения свободы которых нами был исследован, имеет место прогрессивная система отбывания наказания, предусматривающая возможность освобождения после отбытия, определенного законом обязательного срока. При этом особое внимание уделяется этапу подготовки к жизни на свободе, путем направления осужденных в специализированное учреждение, представляющее собой нечто среднее

между тюрьмой и нормальной жизнью в обществе. Как правило, за условно-досрочно (условно) освобожденными устанавливается специальный надзор.

Ряд санкций статей Особенной части УК РК за совершение особо тяжких преступлений предусматривает назначение наказания в виде пожизненного лишения свободы. Тогда как пожизненное лишение свободы в ч. 2 ст. 40 Общей части УК, которая предусматривает основные виды наказаний, назначаемых лицу, признанному виновным в совершении преступления, как самостоятельный вид наказания не указан.

Вместе с тем категории преступлений и порядок назначения наказания в виде пожизненного лишения свободы предусмотрены ч. 4 ст. 46 УК, которая регулирует вопросы назначения лишения свободы на определенный срок.

Таким образом, исходя из смысла закона, пожизненное лишение свободы относится к наказанию в виде лишения свободы. При этом оно не имеет определенного цифрового обозначения срока, но вместе с тем является в данном виде наказания максимальным.

В связи с чем представляется спорным применение к лицам, осужденным за совершение особо тяжких преступлений, санкции статей которых предусматривают в том числе пожизненное лишение свободы, положений п. 3 ч. 2 ст. 55 УК. Так, указанная норма гласит, что при наличии смягчающих обстоятельств и отсутствии отягчающих обстоятельств срок или размер наказания не может превышать при совершении особо тяжкого преступления трех четвертей максимального срока или размера наиболее строгого вида наказания, предусмотренного соответствующей статьей Особенной части.

Вместе с тем согласно п. 7 Нормативного постановления Верховного Суда РК № 4 от 25 июня 2015 года «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания» при назначении наказания в виде лишения свободы с определенным сроком за особо тяжкое преступление, если санкция статьи предусматривает наряду с наказанием в виде лишения свободы смертную казнь или пожизненное лишение свободы, подлежат применению правила п. 3 ч. 2 ст. 55 УК. Тогда как в п. 2 указанного Нормативного постановления Верховный Суд обратил внимание судов на необходимость обязательного обсуждения и применения предусмотренных законом строгих мер наказания к лицам, признанным виновными в совершении уголовных правонарушений в составе преступных групп, коррупционных, террористических, экстремистских преступлений, а также преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних, и ранее судимым, не желающим становиться на путь исправления.

В соответствии с ч. 8 ст. 72 УК к лицам, признанным виновными в совершении вышеуказанных уголовных правонарушений, также не применяется условно-досрочное освобождение.

К примеру, в России, сохранив за Президентом РФ право назначения пожизненного лишения свободы при помиловании осужденных к смертной казни, пожизненное лишение свободы введено в систему наказаний (п. «м» ст. 44 УК РФ), разрешив его применять судам в виде самостоятельного наказания за совершение особо тяжких преступлений, посягающих на жизнь, когда суд сочтет возможным не применять смертную казнь (ч. 1 ст. 57 УК РФ). Данное наказание было предусмотрено только в тех статьях УК РФ, санкции которых предусматривали смертную казнь (убийство при отягчающих обстоятельствах, посягательство на жизнь государственного или общественного деятеля, посягательство на жизнь лица, осуществляющего правосудие или предварительное расследование, посягательство на жизнь работника правоохранительных органов, геноцид).

Также законодатель РФ внес изменения в ряд статей УК РФ и исключил указание на то, что пожизненное лишение свободы может быть предусмотрено только как альтернатива смертной казни. Одновременно в санкцию ст. 205 УК РФ, предусматривающую ответственность за терроризм, было введено наказание в виде пожизненного лишения свободы. Однако принцип назначения пожизненного лишения свободы только за наиболее опасные преступления — особо тяжкие деяния, посягающие на жизнь человека — остался неизменным, ибо, хотя терроризм и находится во главе преступлений против общественной безопасности, но ясно, что его дополнительным объектом является жизнь человека. На практике же акты терроризма направлены на причинение смерти многим людям.

Таким образом, ныне пожизненное лишение свободы является полностью самостоятельным видом уголовного наказания. Его связь со смертной казнью проявляется лишь в том, что они предусматриваются только за самые опасные преступления.

Исходя из опыта соседнего государства, Российской Федерации, нам представляется, что было бы правильнее пожизненное лишение свободы выделить в самостоятельный вид наказания и в качестве такового включить в ч. 2 ст. 40 УК. В пользу этого довода свидетельствуют особенности назначения наказания в виде пожизненного лишения свободы, условно-досрочного освобождения, исполнения наказания.

Так, ч. 4 ст. 46 УК предусмотрено, что пожизненное лишение свободы не назначается лицам, совершившим преступление в возрасте до 18 лет, женщинам, мужчинам в возрасте до 63 и свыше лет.

Согласно ч. 6 ст. 72 УК лицо, отбывающее назначенное судом пожизненное лишение свободы, может быть освобождено условно-досрочно, если судом будет признано, что оно не нуждается в дальнейшем отбывании этого наказания и фактически отбыло не менее 25 лет лишения свободы.

В соответствии с ч. 5 ст. 88, ч. 2 ст. 96 УИК РК осужденные к пожизненному лишению свободы отбывают наказание в учреждении чрезвычайной безопасности; не подлежат переводу в учреждения минимальной безопасности. Кроме того, подобное решение вопроса приведет в соответствие нормы Общей и Особенной частей УК.

Список литературы

- 1 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗРК, ИПС "Әділет";
- 2 Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан
- 3 Указ Президента Республики Казахстан от 17 декабря 2003 года № 1251 «О введении в Республике Казахстан моратория на смертную казнь», ИПС "Әділет";
- 4 Всеобщая декларация прав человека (принята на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН 10.12.1948 г.) / Сборник международных документов по правам человека;
- 5 Е.М. Абенев, Е.М. Арынов и И.Н. Тасмагамбетов «О законах Тауке» //Қазақтың ата заңдары-Древний мир права казахов, в 10-т., IV т., с. 173.
- 6 Батракова Наталья «Степные конституции: экскурс в историю Казахстана», ktk.kz
- 7 Комментарий государственно-правового отдела Администрации Президента Республики Казахстан к Указу Президента Республики Казахстан от 17 декабря 2003 года N 1251 "О введении в Республике Казахстан моратория на смертную казнь"
- 8 Кистяковский А.Ф. Исследование о смертной казни. Тула. «Автограф» 2000.
- 9 Международная тюремная реформа // Брифинг. 2007 (1). № 1. С. 2.

10 Минаков Ю., Тимошенко С. Пожизненное лишение свободы в законодательстве зарубежных стран. Правовое и методическое обеспечение наказаний М, ВНИИ МВД РФ. 1994. С. 62.

11 Посмаков П.Н. Право человека на жизнь и отмена смертной казни в Казахстане. // Фемида №11. 2002 С. 18-20.

12 Письмо КУИС МЮРК за № 14/7 - 1438 от 24.04.03. 10 листов.

13 Уткин В.А, Детков А.П. Пожизненное лишение свободы, Томск , 1997 г.

Түйіндеме

Бұл мақалада өмір бойы бас бостандығынан айыру сияқты қылмыстық жазаны тағайындаумен байланысты мәселелер қарастырылады. Қазақстан Республикасында өмірді бас бостандығынан айыру институтын біртіндеп қалыптастыру, сондай-ақ оны тәуелсіз жаза түріне беру туралы дәлелді ұсыныс.

Summary

This article deals with issues related to the appointment of such criminal punishment as life imprisonment. Gradual formation of the institute of life imprisonment of freedom in the Republic of Kazakhstan, as well as a motivated proposal to allocate it to an independent type of punishment.

УДК:343.22(574)

**Қажыкенов Е.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының магистранты
ғылыми жетекші
з.ғ.к., доцент Терликбаев Қ.Т.**

ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРДЕГІ КІНӘНІҢ ОРНЫ МЕН НЫСАНЫ

Бұл мақалада заң әдебиеттерінде қылмыс жасаудағы ниет пен мақсаттың кінәдан айырмашылығы, олар бір құрамдар үшін міндетті болып табылса, екіншілері үшін – субъективтік жақтың факультативтік белгілері болып келетіндігі, сонымен бірге қылмыстың субъективтік жақтарын – кінәнің нысандарын, қылмыс жасаудағы ниет пен мақсатты дұрыс анықтаудың маңыздылығы қарастырылады.

Кілт сөздер: қылмыстық құқық; субъективтік жақ; кінә; қасақана; абайсыздық; ниет; мақсат.

Сыртқы көріністі білдіретін қылмыстың объективтік жағына қарағанда субъективтік жағы қылмыстың ішкі мәнін білдіреді. Қылмыстың субъективтік жақтары басқа белгілермен өзара тығыз байланыста болып, олар қандай да бір тұтастықты құрайды. Сондықтан да қылмыстың субъективтік жағын зерттеу қылмыстың тиісті құрамының объективтік жағына талдау жасаумен байланыста жүргізіледі. Қылмыстың субъективтік жағына мыналар жатады: кінә, қылмыс жасаудағы ниет (себеп) және мақсат. Бұл белгілердің барлығы өз жиынтығында қылмыс жасаған адамның психикасында пайда болатын ішкі процессті сипаттайды,

адамның санасы мен еркінің әрекетпен байланысын бейнелейді. Бұл белгілердің әрқайсысының мәні әртүрлі.

Кінә – қылмыстың кез келген құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылады. Кінәсіз қылмыстың құрамы да болмайды, сәйкесінше қылмыстық жауапкершілікте орын алмайды.

Қылмыс жасаудағы ниет пен мақсаттың кінәдан айырмашылығы, олар бір құрамдар үшін міндетті болып табылса, екіншілері үшін – субъективтік жақтың факультативтік белгілері болып келеді. Қылмыстың субъективтік жақтарын – кінәнің нысандарын, қылмыс жасаудағы ниет пен мақсатты дұрыс анықтаудың маңызы зор; ол қылмыстық іс-әрекетті қылмыстық емес әрекеттен айырып алуға, қылмысты дәл саралауға, объективтік жағы бойынша өте ұқсас қылмыс құрамдарын бір-бірінен ажыратуға, қылмыстық іс-әрекет жасаған адамның қауіптілік дәрежесін анықтауға, жазаны жеке-даралауға мүмкіндік береді. Қылмыстың субъективтік жақ белгілері қылмыстық заңда әрқалай ашылып көрсетілген [1, 76-77 б.].

Қылмыстың субъективтік жағының күрделілігі қандай да бір қарапайымдандыруға, асығыс шешімдер қабылдауға көнбейді деп қорытындылауға болады. Мәселе оның қылмыстық құқық теориясындағы түсіндірілуі бір мағыналы емес екендігінде ғана емес, қылмыс құрамының субъективтік жақтарының белгілері психологиялық санаттарға негізделгенінде. Мұндай күрделілік қылмысты дұрыс саралауға әсер ететіні анық [2, 41 б.].

Бірінші көзқарасты П.С. Дагель қатты қолдап, барынша терең дәлелдеді. Ол: «Кінә қылмыстың ішкі, субъективтік жағы, субъекттің өзінің қылмыс түріндегі қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның салдарларына психикалық тұрғыдан қарауы болып табылады», - дейді [3, 44-57 б.]. Бұл позиция негізделген болып көрінгеніне қарамастан теориялық жағынан жеткілікті түрде сенімді емес және іс жүзінде қабылдауға келмейді. Біріншіден, кінәні қылмыстың субъективтік жағына теңестіру оның заңнамалық анықтамасына сәйкес келмейді. Екіншіден, мұнда кінә заңнамалық сипаттамасы жағынан да, психологиялық мазмұны жағынан да жеткілікті түрдегі нақты ұғым болып табылмайды. Кінә нысаны кейбір жағдайларда қылмыстық және қылмыстық емес жүріс-тұрыстың ара-жігін ажыратуға мүмкіндік беретін өлшем болып табылады. Бұл қасақана жасалған қоғамға қауіпті іс-қимыл үшін заңмен қылмыстық жауапкершілік қарастырылған жағдайларға ғана тән. Кінә нысаны қылмысты саралау кезінде объективтік белгілері бойынша ұқсас, бірақ кінә нысаны бойынша айырмашылықтары бар қылмыс құрамдарының ара-жігін ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, денсаулыққа ауыр және орташа зиян қасақана да, абайсыздықтан келтірілуі мүмкін, өзгенің мүлкін жою немесе оған зиян келтіру кінәнің қасақана да, абайсыздық та нысанымен жасалуы мүмкін. Осындай жағдайларда кінә нысанын дәл анықтау іс-қимылды дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілерін талдау кезінде тұлғаның өзі жасаған іс-әрекеттің сипаты туралы қате түсінігі болуы мүмкін екенін айта кетпеуге болмайды. Іс-әрекеттің саралануы қателердің сипатына және түрлеріне байланысты әртүрлі болады. Заңдық қателік болған кезде тұлғаның өз жүріс-тұрысына психикалық тұрғыдан қарауы іс-әрекетті саралауға әсер етпейді. Ол заңсыздыққа, яғни іс-әрекеттің қылмыстық заңда бекітілуіне байланысты. Іс жүзіндегі қателік кезінде қылмысты саралау қасақаналықтың бағытына және қылмыстың мақсатына байланысты.

Қылмыспен күресудің тиімді жағын басқада шара қолдануына, жекеше алғанда қылмыстық іс-әрекеті үшін жазалау қылмыстық жауаптылықты дифференциациялау әрі әмбебап классификациясының негізінде ең қолайлы. Бұл тұлғаның кінәлілік дәрежесін нақты анықтап оған жасаған қылмысы үшін қатаң дифференциациялау және

жекешелік жаза түрін кінәнің нысанымен зардаптардың ауырлық дәрежесіне тәуелді мүмкіндікті туғызады.

Жалпы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде қылмыстарды бөліп әрі классификациялау анықтылығы олардың қоғамдық қауіптілік санатына тәуелді. Айта кетерлік жайт, заң қолданушыға оны ғылыми дәлелдеп өңдеу үлкен қиындық. Бастысы олар дәлелденген бе. Қылмысты санаты бойынша бөліп таңдау кезінде бірдей тәсілдің болмауы және осындай санатты қылмысты анықтау. Сондықтан нақты мәселе қылмыстық кодекстің қабылданған сәтінен бастап заң ғылымында талқылауға айналған пән болып қала береді, ғылыми зерттеулермен заң басылымдарға шығып тек Қазақстанда емес сонымен қатар басқа мемлекеттер мен тәуелсіз мемлекеттер достастық елдерінде қырынан тұрған сұрақ болуда [4, 42 б.].

Егер қылмыстың объективті жағы – қылмыстың сыртқы сипаты болса қоғамдық қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, қоғамдық қауіпті салдар, себепті байланыс, қылмыс жасау орны, уақыты, тәсілі, жағдайы, қару мен құралдары, субъективті жағы оның ішкі объективті жаққа қатыстылығы сипаты. Бұл қылмыскердің өзі жасаған қылмысқа ішкі, яғни кінәмен, ниетпен және мақсатпен сипатталатын адамның қылмыс жасау кезіндегі психикалық қатынасы. Қылмыстың субъективті жағын құрайтын белгілерге, атап өткендей қылмыстың кінәсі, себебі мен мақсаты, сонымен қатар, қылмыс жасау кезіндегі тұлғаның сезім-күйі жатады. Бұл белгілердің әртүрлі мазмұнына қарамастан олар субъективті жағын құрайтын бір топқа бірігеді, себебі олардың барлығы қылмыс жасаушы тұлғаның психикасында болатын процесстерді сипаттайды.

Психика адам өмірінің ішкі мазмұнын, оның ойын, сезімін, ниетін, еркін білдіреді. Психикалық процесстер әдетте интеллектуалдық, сезімдік және еркіне қарай болып бөлінеді. Сөйте тұра мұндай бөліну шартты түрде ғана болып, процесстер жекелеп өз бетімен өмір сүрмейтіндігін ескеру керек. Тек бірлікпен, интеллектуалдық таным, сезім мен еріктің тығыз бірлігімен ғана адамның психикасы тірі. Қылмыстың, тұтас алғанда, субъективті жағы сияқты, оны құрастырушы элементтерге көңіл аудару пайдалы ғана емес, қажет те.

Қылмыстың субъективті жағын құрайтын белгілердің әрқайсысы қылмыстың психикалық мазмұнын сипаттайды, бірақ әрқайсысы өзінше сипатталады. Мысалы, кінә - бұл тұлғаның өзі жасаған қоғамдық қауіпті іс-әрекетіне (әрекетіне немесе әрекетсіздігіне) және оның қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы салдарына психикалық қатынасы. Кінә - қылмыстың субъективті жағын толық қамтымаса да, негізгі белгісі іспеттес. Қасақана сияқты абайсыз кінәні де құрастыру кезінде заң шығарушы психиканың екі-ақ түрі интеллектуалдық және еркіне қарай элементтерін пайдаланады. Қасақаналық пен абайсыздықтың қылмыстық-құқықтық сипаты үшін психикалық процесстердің сезімдік мазмұны есепке алынбайды. Керісінше, қылмыстық іс-әрекеттің қоздырушы себебі және субъективті жағының белгісі болғандықтан қылмыстың сылтауында қылмыс жасаушы тұлғаның психикасында болып жатқан көбінесе, сезім процесстерінің таңбасы болады. Жеке жағдайларда қылмыс жасаушы тұлғаның сезім-күйі.

Кінә - қылмыстың субъективті жағының міндетті белгісі. Кінә болмаған күнде қылмыстың құрамы да болмайды және болуы да мүмкін емес. Бұл субъективті жақтың қылмысты істі қылмысты емес істен ажыратып, бөліп отыратын негізгі белгісі. Заң шығарушының кінәға маңызды мағына беретіндігі соншалықты, тіпті кінәлі жауаптылық қылмыстық кодекстің қағидасына дейін көтерген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Осы баптың 2-ші бөлігінде объективті айып тағуға, яғни

кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді» деп атап көрсетіледі. Кінәлік жауаптылық қағидасы – заң өкілдерінің ойлап шығарғаны емес, бұл – адам қылығын заңды және әлеуметтік адамгершілік тұрғыдан дұрыс бағалаудың қарапайым шарты.

Қылмыстың субъективті жағы қылмыс жасаған адамның айыптылығына байланысты мәселелермен ғана шектелмейді. Қылмыс жасағанға дейін, жасау кезінде және одан кейін айыпкердің психикасында кінәнің нысандарымен ғана шектелмейтін күрделі ішкі процесс жүреді. Осыған байланысты субъектінің өзі жасаған қылмысқа психикалық көзқарасының қалыптасу тетігін, сондай-ақ мазмұнын анықтап білу үшін оның қылмыс жасаудағы ниетінің, себебінің және мақсатының сипаттарын анықтау қажет [5, 286 б.].

Қылмыстық ниет – субъекті қылмыс жасаған кезде басшылыққа алатын ішкі қажеттілік, талап, мүдде, түрткі. Ниет әрқашанда қасақаналықтың алдында тұрады; бір немесе бірнеше ниеттің ықпалынан қасақаналық туындайды. Оны анықтау адамның қылмыс жасаған кезіндегі психикалық күйін бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар айыпкерге мінездеме жасау және оның жеке басын моральдық тұрғыдан бағалау үшін де маңызды. Қылмыстық ниет жасалған әрекеттің зияндылық дәрежесін де сипаттайды. Ол, сонымен қатар қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылатын, жаза тағайындағанда жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар ретінде сот ескеретін жағдайларда қылмысты саралау үшін де маңызды.

Қылмыстық ниеттер әртүрлі болуы мүмкін. Қылмыстық заңда және сот тергеу тәжірибесінде неғұрлым жиі кездесетін ниеттерді мына топтарға бөлуге болады:

1) Саяси сипаттағы ниеттер; олар біздің мемлекетімізге, оның егемендігіне немесе аумақтық тұтастығына қастандық көзқарастан туындайды. Шетелдік барлау агенттері, сондай-ақ біздің мемлекетімізге дұшпандық пиғылдағы адамдар осы ниетті себепті басшылыққа алады.

2) Өзімшілдіктің әртүрлі нысаны болып келетін опасыз ниеттер. Мысалы, пайдақорлық, бауды көксеу, ашкөздік, қызғаншақтық. Бұларға тағы да мансапқорлық, кек, ашу, өшпенділік, қорқақтық, жігерсіздік, жауапкершіліктен қашу сияқты адамның опасыз қасиеттері де жатады.

3) Саяси және опасыздық сипаты жоқ ниеттер. Оларға жеке басындағы және отбасындағы ауыр жағдайларға, материалдық, қызметтік және басқа тәуелділікке байланысты, қорқыту, мәжбүрлеу және жәбірленушінің жөнсіз әрекеттерінен қатты жан күйзелісі себепті. Мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғағанда қажетті қорғану шегінен асып қылмыстар жасау жатады. Ниеттердің бұл тобы заңда қылмыстардың нақты құрамдарының міндетті белгілері ретінде көрсетіледі, сондай-ақ жаза тағайындағанда жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескеріледі.

Ниет қылмыстық заңның диспозициясында белгілі бір қылмыстың белгісі ретінде тікелей көрсетілген жағдайда ол қылмыс құрамының субъективтік жағының қажетті белгісі болып табылады.

Абайсызда жасалған қылмыс та белгілі бір ниеттер итермелеген еріктік акт болып табылады. Бірақ қасақана жасалған қылмысқа қарағанда абайсызда жасалған қылмыста ниет зардаптарға емес, іс-әрекетке немесе әрекетсіздікке жатады. Абайсызда жасалған әрекетте ниет қылмыс құрамының қажетті немесе саралаушы белгісі болып табылмайды, сондықтан әрекетті саралауға ықпал жасамайды, бірақ жаза тағайындаған кезде сот оны ескереді.

Қылмыстық мақсат – зиянды әрекет жасағанда субъектінің қол жеткізуге ұмтылатын нәрсесі. Қылмыстық ниет сияқты қылмыстың мақсаты да адамның қылмыс жасалуына байланысты оның санасында болатын субъективтік процесті сипаттайды.

Яғни, мақсат қылмыстың қоғамға қауіптілік өлшемін көрсетеді, бұл жазаға міндетті түрде ықпал жасауға тиіс.

Ниет пен мақсат – өзара шарттас, үйлесімді ұғымдар. Адамның өз мақсатын қалай қалыптастыратындығы ниетке байланысты. Мақсат – қандай да бір іс-әрекетті жасауда адамды алға жетелейтін күш. Мақсат бір немесе бірнеше ниеттерсіз туындамайды, ал, басқа жағынан алып қарасақ ниеттің мазмұны мақсаттың арқасында ғана болып тұрады.

Қылмыстың мақсаты, себебі мен қылмыс жасау кезіндегі тұлғаның сезім күйінің кінәдан айырмашылығы – олар қылмыс құрамының қажетті белгілері болып табылмайды. Заң шығарушы оларды барлығына емес, тек кейбір қылмыстардың ғана құрамының белгілерінің қатарына қосады және бұл жағдайларды оларда қылмыстық жауаптылықтың негізіне айналады. Қылмыс құрамының белгілері болмаған күйде де олар жеңілдетуші не ауырлатушы жағдай ретінде, жазаның тағайындалуына айтарлықтай ықпал жасайды. Тіпті, бұл белгілердің қылмыстық жауаптылықпен жаза үшін жеке мағынасы болмаған жағдайда да, олардың қылмысты анықтаудағы, қасақана кінә мен абайсыздықты ажырату мағынасының маңыздылығы сирек емес. Сондықтан қылмыстық құқық кінәлі жауаптылық қағидасымен ғана шектеліп қоймайды, бірақ субъективті жүктеу көзқарасын ұстайды.

Орыстың көрнекті әдебиет сыншысы В.Г. Белинскийдің әртүрлі адамдардың қылығын бағалау үшін бірдей тәсіл қолдануға қарсы: «Тұлғалар сансыз және алуан түрлі, адам рухының әртүрлі жағы сияқты, оның барлық жағынан да жасап келе жатқандығы – оның қажеттілігінен. Сондықтан, біреудің тұлғасын басқаның тұлғасына шақтаудан асқан әділетсіздік жоқ ол, бәрібір ешқашан дәл келмейді, бәрібір одан өзгешелігі болады» [6, 47 б.]. Сондықтан да, қылмыстың субъективті жағын бағалауға біркелкі (жеке басқа бейімделмеген) келу, қылмыстық заңды, одан келіп қылмыстық істер бойынша әділ сот аясындағы адам құқығын пайдалануда өте өрескел қателерге соқтыруы мүмкін.

Бұған дейін айтылғандай, кінә - бұл тұлғаның өзі жасаған қоғамдық қауіпті іс-әрекеті мен оның қасақаналық және абайсыздық түріндегі салдарына психикалық қатынасы. Қылмыстық заңға сәйкес, кінә - бұл әрқашан не қасақаналық, не абайсыздық болып қарастырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 19-бабының 3-бөлігі бойынша «қасақана немесе абайсызда іс-әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады». Қасақаналық та, абайсыздық та жасалған адам іс-әрекет пен оның салдарына кінәлі психикалық қатынастың нысандары болып табылады. Бұл – олардың ұқсастығы. Ал, айырмашылығы – қасақана және абайсыз кінәні құрайтын интеллектуалдық және еркіне қарай сәттердің ерекше, өзіне ғана тән мазмұны мен ара қатынасында.

Қылмыстың жасалуына байланысты кінә қасақаналық та, абайсыздық та заң қолданушының сот, тергеуші санасынан тыс орын алады. Ол – алдын ала тергеу жұмысын жүргізу мен сотта істі қарау кезінде дәлелденетін затқа жатады. Ол – іс бойынша анықталған дәлелдерді саралау кезінде жүзеге асады. Осыған орай, кінә тек заңдық-психологиялық қана емес, саралаушы да категория екендігін мойындау керек. 40 жыл бойы кеңестік заң әдебиетінде кінәлінің өзі жасаған қоғамдық қауіпті іс-әрекеті мен оның қасақаналық және абайсыздық түріндегі салдарына, соттың санасынан тыс орын алатын психикалық қатынас ретінде кінә түсінігін, оның кінәнің саралаушы деген түсінігімен теңестіруге әрекет жасалды.

Жоғарыда айтылғандай қылмыстық заң, іс-әрекетпен оның салдарына кінәлі психикалық қатынасқа еркіне қарай және интеллектуалдық сәттерді қосады. Дәл осы сәттердің жиынтығы кінәнің мазмұнын құрайды. Аталған сәттердің нақты мазмұны мен ара қатынасы бойынша қасақана және абайсызда жасалған қылмыстардың бір-

бірінен айырмашылығы қандай болса, олардың қылмыстық заңда анықталатын түрлері де тап солай ажыратылады. Ақыл және еркіне қарай сәттердің мазмұнымен арақатынасының бұл ерекшеліктері кінәнің түрлерін құрайды. Қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінде кінәнің қасақаналық және абайсыздық сияқты екі нысандарын қарастырады (ҚР ҚК 19-бап, 3-тармағы). Қасақаналық, өз кезегінде, тікелей және жанамалық, ал абайсыздық – менемендік және немқұрайлылық болып бөлінеді.

Кейбір қылмыстарға байланысты, заң шығарушы оларды тікелей қасақана жасады деп анық көрсетеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 107-ші бабы денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін жауаптылық қарастырылған. Қасақана жасалатын қылмыстардың басқа құрамдарын жасағанда, заң шығарушы оларға қасақана деп анықтама бермейді. Мысалы, ҚК 109, 110-ші баптарында ұрып-соғу, қинау кездерінде кінәнің түрін атап көрсетпейді. Мұндай жағдайларда кінәнің түрін анықтау үшін ҚК 19-шы бабының 3-ін бөлігін басшылыққа алу керек. Абайсызда жасалған іс-әрекет ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабы арқылы арнайы қарастырылған жағдайда ғана қылмыс деп саналады. Тұжырым бойынша Ерекше бөлім бабының диспозициясы кінәнің түрін нақты көрсетпесе, осы бапта қарастырылған қылмыс тек қасақана болады.

Кінә осылайша зияткерлік жағынан құқық бұзушы өзінің іс-әрекет жасауының барлық жай-жапсарын сезінуі мен және оның мүмкін салдарларын алдын-ала көре білуімен сипатталады. Кінәнің зияткерлік жағы оның еріктік жағымен тығыз байланысты. Тұлғаның іс-қимылын ерікті сипатта реттеуі қандай да бір белсенді, мақсатты іс-қимылынан немесе оларды жасаудан аяқ тартуынан ғана емес, теріс салдарлардың алдына алу үшін өзінің күш-жігерін толық пайдаланбауы түрінде де көрінуі мүмкін. Кінәнің сипаты субъектінің өз жүріс-тұрысына және оның нәтижелеріне психикалық тұрғыдан қаруына байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сахаров А.Б. О личности преступника и причинах преступности. – М.: Юрид.лит., 2015. – 230 с.
- 2 Дурманов Н.Д. Уголовный закон. – М., 2007. – 319 с.
- 3 Дагель П.С. Теоретические основы установления вины. – Владивосток: Б/и, 2005. – 167 с.
- 4 Бұғыбай Д.Б. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: лекциялар курсы Қайнар уни-т. – Алматы, 2003. – 252 б.
- 5 Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А. Наказание: понятие, цели, виды, порядок и назначение. – Алматы, 2000. – 130 с.
- 6 Уголовное право Казахстана (Общая часть): Учебник для ВУЗов / Под ред. проф. И.И.Рогов, доц. С.М.Рахметов; Алматинс. Юрид. ин-т.– Алматы: ТОО «Баспа», 1998. – 228 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются место и формы вины в субъективных признаках уголовных правонарушений.

Summary

In this article, the place and forms of guilt in subjective signs of criminal offenses are considered.

Казалиева Ж.Д.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1 курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
З.Ғ.К., доцент
Ильясова Б.К.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ РОЛІ

Бұл мақалада автор Омбудсмен институты демократиялық, құқықтық мемлекеттегі адам құқықтарын іске асыру мен қамтамасыз етудің тетіктері ретінде қарастырған.

Кілт сөздер: Уәкіл, Омбудсмен, халық еркін білдіруші, құқықтары мен бостандықтары, билік аппараты, өкілеттілік,

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты шет мемлекеттердің конституциялық заңнамасы арқылы жақсы таныс. Қазіргі кезде дүние жүзінің түрлі елдерінде жүзден аса омбудсмен бар. Бір мемлекеттерде бұл лауазымды тұлға (омбудсмен), екіншілерінде – медиатор, үшіншілерінде – парламенттік уәкіл, ал төртіншілерінде – азамат құқықтары жөніндегі уәкіл деп аталады. Терминдердің бұл тізімін одан әрі жалғастыруға болады. Омбудсмен билік органы немесе мемлекеттік басқару органы да, сот органы да емес. Бұл лауазым парламентаризм шеңберінде әрекет етеді және оның әрекеті мемлекеттік органдардың қызметін бақылауға бағытталған. Оның қызметі азамат құқықтарын іске асырушы басқа органдармен салыстырғанда қарапайым әрі азаматтарға түсінікті.

Бүкіл дүние жүзінде ол адам құқықтары мен бостандықтарын әсерлі қорғайтын органдар жүйесінде маңызды орын алды. Әрбір елдің жағдайының ерекшелігі, оның мемлекеттік құрылысы омбудсмен институтының белгілі бір үлгісін қалыптастырды. Заңгерлердің Халықаралық ассоциациясы омбудсмен терминінің мынандай анықтамасын қабылдады: «Конституцияда немесе заң шығарушы биліктің актісімен қарастырылған, заң шығарушы билік алдында жауапты, жәбір көрген адамдардан мемлекеттік органдарға, қызметкерлерге, жалдаушыларға шағымдар қабылдайтын немесе өз қалауынша әрекет ететін және тексеру жүргізуге, түзетуші әрекеттер ұсынуға, баяндамалар тапсыруға өкілеттілік берілген жоғарғы мәртебелі тәуелсіз жария лауазымдық тұлға басқаратын қызмет» [1, 381 б].

Қазақстанда заңды жасаушылар омбудсмен институты адам құқықтары жөніндегі құрылып жатқан ұлттық мекемелер қызметінің тиімділігін бағалау өлшемдері болып саналатын Париж қағидаларына барынша сәйкес немесе басқа заңмен құрылуы, тәуелсіз анық тұжырымдалған заңды құзіреті мен өкілеттігі бар, ашық, басқа үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтас, оралымды және есеп беретін болуы керек».

Уәкілдің негізгі мақсаты – адам құқықтарына байланысты халық еркін білдіруші болу. «Омбудсмен үлгісіне жүгіну азаматтардың құқықтарын мемлекеттік органдар тарапынан қорғауды күшейту, бюрократия жүйесінің алдына дәрменсіздік сезімін жеңілдету, басқару сапасын жақсарту және «тұлға – мемлекет қарым-қатынастарын ізгіліктендіру ықыласына байланысты» [2, 5 б].

Ж.Д. Бусурманов: "Уәкілдің негізгі мақсаты – адам құқықтарын сақтауға байланысты халық еркін білдіруші болу деп санайды. Ол билік пен қоғам арасында оларды екіжақты қисынсыз және әділетсіз әрекеттерінің тігісін жатқызатын және сақтандыратын буфер ролін атқаруға тиіс. Нақ осы делдалдық қызмет бұл институттың ең тартымы ерекшелігі болып табылады. Бір жағынан, Уәкіл билік аппараты ретіндегі атқарушы органдардың алдында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қызметінде болса, екінші жағынан, ол азаматтарға биліктің олардың мүдделеріне қажетті әрекеттерін түсіндіруге, осылайша азамат пен мемлекет араларындағы сенімнің артуына жәрдемдесуі керек", - деп санайды [3, 345 б]. Омбудсмен институты демократияның өздігінен бекіген белгілерінің еркін нарықтық дамыған елдер ғасырлық тарихы бар адам құқықтарын іске асыру мен қамтамасыз етудің тетіктері мен механизмдерінің назарынан тыс қала алмады. Омбудсмен институтының құрылуы мен қызметі мемлекет пен азамат, жария билік өкілдері мен азаматтар араларындағы қарым-қатынастардың жаңа тарауын ашты. «Мемлекет – азамат» өзара қарым-қатынастарындағы шиеленістің бәсеңдеуіне тек азаматтар ғана емес, мемлекеттің өзі де мүдделі. Дәстүрлі юстицияның барлық артықшылықтарына қарамастан, оның рәсімдерінің қолайсыздығы, күрделілігі мен ұзақтығы, сонымен бірге процестердің аса қымбатшылығы секілді кемшіліктері бар. Заңнама омбудсменнің бар құқықтық механизмдерге қосымша құқық қорғау құралы екендігін мойындайды. Омбудсмен институты заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің ешқайсысына жатпайды, олардың орынына жүрмейді. Сонымен бірге оның ведомствосы елдегі биліктің жоғарғы органдарына жатады. Омбудсмен азаматтар араларындағы қарым-қатынастарды қарастырмайды, оның қызмет аясы азамат пен мемлекеттік орган, ұйым немесе мекеме араларынағы қарым-қатынастар. Омбудсмен институты формалдық процессуальдық талаптардан тәуелсіз және катал құқықтық (заңдық) шеңбермен шектелмеген, барынша жекедараландырылған көмек көрсетеді. Адамның әдетте өз мүдделерін құқықтық қорғаудың биресми жолдарын артық көретіндігі белгілі. Омбудсмен БАҚ-пен белсенді байланысты әрекет етеді, оны бәрінен бұрын «иландыру магистратурасы» деп атауға болады, өйткені ол жариялылық, сынау және иландыру «қаруын» қолданады. Ол адам құқықтарын бұзушылықтың барлық жағымсыз фактілерін жария етеді. Ол әртүрлі елдерде ұқсас міндеттерді шешеді: құқықтық жүйені жандандырады. Оны ізгіліктендіреді және ондағы қарама-қайшылықтарды жұмсартады.

Омбудсмен институтының дүние жүзіне осылайша тез жайылуын әлемдік қауымдастықтың екінші дүниежүзілік соғыстан соң мемлекетте азамат құқықтарын қорғаудың әрекетті жолдары неғұрлым көп болған сайын, бұл қоғамның соншалықты ізгілікті, ал осының барлығы адам игілігі үшін, сондықтан да оны қолдау қажет деген түсінігімен байланысты. Омбудсмен институтының құрылуы қоғамның мемлекеттің әкімшілік қызметтерінің артуы мен әкімшілік жүйесінің кемшіліктеріне жауабы болды.

Париж қағидалары мемлекеттерде құрылып жатқан адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелерің халықаралық қауымдастықтың жергілікті сеніміне ие болған тәуелсіздігі, демократиялылығы тұрғыларынан қызметтерінің тиімділігін бағалаудың өлшемдері қызметін атқара бастады. Бұл қағидалар омбудсмен институты конституцияға немесе заңға сәйкес құрылуы, тәуелсіз, анық тұжырымдалынған күзиретті және өкілетті, ашық, басқа органдармен, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтас, жинақы, жедел және есеп беретін болуы керек деген тұжырымдарды басшылыққа алған болатын. Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес омбудсмен қызметке тізімін Президент белгілейтін Парламент Палаталарының комитеттерімен консультациядан кейін Қазақстан Республикасының Президенті

тағайындайды жән қызметтен босатады. Біз М.С. Башимовтың Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жоғарғы соттың немесе конституциялық соттың судьясы сияқты жоғарырақ мәртебесі болуы қажет, өйткені ол ең жоғарғы деңгейдегі үкіметтің лауазымды тұлғаларына, ұсыныс береді деген пікірімен келісеміз [4, 254 б]. Омбудсменнің қызметін жетілдіру туралы басқа да ұсыныстар бар. Халықтың тығыздығы мен түсетін өтініш-арыздардың санын ескеріп, аймақтық өкілдіктер ашу қажет. Омбудсменге арызды тараптардың бітімдесуі жолымен қанағаттандыруға рұқсат ету керек. Оның есебі жеткілікті мөлшерде жариялануға тиіс, қоғамдағы адам құқықтарының жағдайын бейнелейді. Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл аппаратының адам құқықтары саласындағы құқықтық ағарту жөніндегі жұмыстардың белсенділігінің жетіспейтіндігіне назар аударғымыз келеді. 1993 жылы Юнеско Адам құқықтары мен демократия саласында білім беру мәселелері жөніндегі әрекеттердің бүкіл дүниежүзілік жоспары қабылданған болатын. Бұл жоспар (1955-2004) құқықтарын пайдалануға мүмкіндік бермеуге алып келетін оқиғалардың сипатын өзгерту, барлық құқықтардың сақталуын және азаматтық қоғам өміріне оның барлық мүшелері қатысатын бейбіт қоғамға айналдыру үшін жеке адамдар мен топтарға адам құқықтарының мәселелері туралы білім беру үшін отбасы деңгейінен бастап БҰҰ дейін жігер мен ресурстарды жаппай жұмылдыруға шақырған болатын. Білім өзінен-өзі көзделген мақсат емес, бұл бәрінен бұрын адамның құқықтарын бұзушылықты болдырмау және демократияға, дамуға, төзімділік пен өзара сыпайылыққа негізделген бейбітшілік мәдениетін жасаудың құралы.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссиясының адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында іс жүзінде тәжірибесі болмады. Байқап көру мен қателесу, әртүрлі елдер мен саяси-құқықтық жүйелердегі осындай мекемелердің қызметінде ең тартымды үлгілерін қабылдау жолымен, баяғы 1994-1995 жылдардың өзіне-ақ ол ел басшылығына Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институтын құру мәселесі бойынша ұсыныс жасады. Комиссия дайындаған «Адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы кешенді мемлекеттік бағдарламаның» жобасында мұндай мекемені құрудың өзектілігі, орны, ролі, сонымен бірге оның құрылуына байланысты құрылымдық-ұйымық проблемаларды шешудің жолдары туралы алдын ала түсінік белгіленген болатын. Мұнда бұл жаңа құқық қорғаушы ұлттық институттың өкілеттіліктерінің шеңбері де белгіленген болатын.

Жалпы алғанда аталған құжаттың дайындалуы, оның ішінде омбудсмен институтын құру туралы идея да жоғарыда аталған мемлекеттердегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету ісіндегі жаңалықтарды өте ыждағатпен, зер салып ойластырып зерттеудің және оларды біздің, қазақстандық шындығымызға өлшестірудің нәтижесі екендігін атап көрсету керек. Оның үстіне бұл шетел тәжірибесіне құр құлдықпен бас ию емес, керісінше, проблеманы өзіндік көру мен оған өзіндік көзқарастың ерекшеліктері мен өзгешелігінің барынша көрініс табуы болды.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты, сол кездегі жобаға сай, құқықтар мен бостандықтардың аяқасты болу фактілері туралы жеке де, ұжымдық та арыздар мен шағымдарды қарау үшін қажет болды, ал бұл үшін оның жеткілікті мөлшерде өкілеттіліктері болуға тиіс еді. Бұл бұрыннан келе жатқан дәстүрлі мемлекеттік институттарға – заңдылық пен адам құқықтарын сақтау күзетінде тұрған сот төрелігіне, прокурорлық қадағалауға, тергеу және анықтауға қосымша орган. Жаңа құқық қорғау мекемесінің сотқа дейінгі және сотта қорғау тәсілдерінің ерекшеліктерінде болды. Бірінші тәсіл - Уәкілдің кез келген органға, кез келген лауазымды тұлғаларға адам құқықтарының бұзылу фактілері бойынша өзінің өтініштерін, ұсыныстарын білдіруге, не дербес тексеру мен қарау барысында істі даулаушы тараптардың бітімге келулерімен аяқтауға құқығы бар. Екінші тәсіл –

уәкілдің сот талқылауына сот процесінің толық құқылы субъекті құқығында қорғаушы ретінде қатысуы. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жоғарғы лауазымдық мәртебесі мен оның жеткілікті түрде тәуелсіздігіне қатысты түйінді мәселені уәкілдің кандидатурасы мемлекет басшысының ұсынуымен Парламенттің бекітуі арқылы шешу ұсынылған болатын. Бұл үшін құқықтық негіздер тиісті конституциялық ережелер мен осы орган туралы заң болулары тиіс. Адам құқықтары саласындағы кешенді мемлекеттік бағдарламаның авторлары Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясының жобасын дайындаушы жұмыс тобына елдің Президенті мен Парламентінің өкілеттіліктері туралы бөлімдерде олардың адам құқықтарын қорғау жөніндегі осы сияқты ұлттық институттар құру құқығы туралы тармақ енгізуді ұсынған болатын. Бұл жақын немесе алдағы уақытта, мемлекетке қолайлы кез келген тарихи сәтте, тиісті жағайлар мен материалдық мүмкіншіліктерге қол жеткізген кезде демократияның саяси маңызды құқық қорғау институтын құруға мүмкіндік берген болар еді.

Дүниежүзілік тәжірибе құқықтарды негізінен өздігінен өздері қорғайтын сот және құқыққорғаушы ұйымдардан өзгешелігі – Уәкіл тек адамдардың жеке құқықтары мен мүдделерін қорғай отырып, оларда үлкен сенімге ие болды, ал бұл сенім өз кезегінде мемлекетке деген сенімді нығайта түсуге жәрдемдесті.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бойцова В.В. Служба защиты прав человека и гражданина. Мировой опыт. - М.:БЕК, 1996. – С.381
- 2 Хаманева Ю. Уполномоченный по правам человека – защитник прав граждан». - М., 1998. – С.67
- 3 Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека: Монография. – Алматы: КазГЮУ, - С.2006. – 481
- 4 Башимов М.С. Система юридических механизмов защиты прав и свобод человека. Конституционный контроль // Правовое обеспечение конституционных прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан. - Астана, 2005. - С.260-268

Резюме

В этой статье автор рассматривает Институт омбудсмена как механизм реализации и поддержания прав человека в демократическом правовом государстве.

Summary

In this article, the author views the Ombudsman Institute as a mechanism for the implementation and maintenance of human rights in a democratic rule-of-law state.

Көптілеуов Е.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1 курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., аға оқытушысы
Ибраева Қ.Б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫДАҒЫ СОТ БИЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасындағы сот билігін ұйымдастырудың, жетілдірудің тәжірибесі мен мәселелерін қарастырған.

Кілт сөздер: сот билігі, судьялар тәуелсіздігі, Конституциялық бақылау, сот жүйесі, судьялар мәртебесі.

XX ғасырдың соңғы 10 жылдығында тарихта және саясатта елеулі өзгерістер болғанына куәгерміз. Демек, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен мемлекеттің егемендігі туралы Декларациясы 1990 жылы 25 қазанда қабылданды. Мұнда "Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу құқығын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық құқықтық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды" - деп көрсетті.

Артғынша 1 жылдан кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" ҚР Конституциялық заңы қабылданып, Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін жария етті. Онда былай деп жазылды: Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде күллі аумақта бүкіл өкімет билігіне ие болады, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап, өзі жүзеге асырады. Дербес мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық аренаға шығады, өзінің басқа мемлекеттермен қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрады. Бұрынғы Қазақ ССР-інің аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылады. Бұл аумақ бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды деп жариялайды. Ұлттардың аза-маттары енді біртұтас Қазақстан халқы болып танылады. Мемлекеттік өкімет Қазақстан халқының еркін білдіреді. Мемлекеттің өкімет билігінің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөліну қағидасы тұңғыш рет танылады деп бекітілді.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші сайланған тоғызыншы сессиясында дербес, тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Конституциясын қабылдады. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда, халыққа қызмет ететін, азаматтардың кең келемді құқықтары мен бостандықтарын тағы басқа жариялаудағы халықтың еркін білдіретін мемлекеттік жаңа органдар құруда бұл Конституцияның зор маңызы болды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы жаңа мемлекетте пайда болған

Исследуя вопросы сделок М&А, можно утверждать, что не все слияния и присоединения, как виды реорганизации, предусмотренные казахстанским законодательством, можно отнести к сделкам М&А, равно как и не все сделки М&А подпадают под понятие «реорганизация». Так, реорганизация некоммерческих организаций в виде слияния или присоединения не относится к сделке М&А, поскольку в данном случае не происходит объединения бизнеса, следовательно, сделки слияний и поглощений относятся только к тем отношениям, в которых присутствует коммерческий интерес [5, с. 11].

Реорганизация представляет собой прекращение или иное изменение правового положения юридического лица, влекущее отношения правопреемства. Как было оговорено выше, поглощение может представлять собой приобретение компании без присоединения к покупателю, т.е. когда целевая компания сохраняет свой правовой статус, став только дочерней организацией компании-поглотителя. К этому можно добавить и такую форму реорганизации как «преобразование», которое представляет собой лишь изменение организационно-правовой формы компании без присутствия второго юридического лица. Но поглощающие компании могут не изменять организационно-правовую форму целевой компании, позволяя ей продолжать свое существование в первоначальном виде, изменив только состав учредителей. Поэтому поглощение нельзя рассматривать как вид реорганизации, поскольку изменения правового положения, которое влекло бы прекращение компании либо правопреемства не происходит, и согласно подп.3) п.6 ст. 42 Гражданского Кодекса РК изменение состава учредителей является лишь основанием для государственной перерегистрации компании, но никак не реорганизации юридического лица [6].

Сделки слияния и поглощения в разных юрисдикциях возникали не одновременно. Во всем мире нет единого механизма проведения процедуры таких сделок. В качестве наиболее яркого сравнения остановимся на основных отличиях сделок слияния и поглощения по законодательству США и казахстанскому законодательству.

Первая особенность состоит в том, что в США сделки слияния и поглощения осуществляются через фондовые биржи, в Казахстане же фондовый рынок не достаточно развит. В США имеются базы данных обо всех компаниях, которая разбита по сферам деятельности и доступна для общего пользования, что очень облегчает процедуру сделок слияния и поглощения.

Вторая особенность состоит в составлении соглашения об эксклюзивности. Соглашение об эксклюзивности - это некий договор с условием о запрете стороне совершать действия, предусмотренные договором, в отношении третьих лиц. В США применительно к слияниям и поглощениям соглашение об эксклюзивности представляет собой требование к сторонам вести переговоры только друг с другом и не реагировать на предложения третьих лиц.

Следующая особенность касается проведения оценки стоимости компаний. В США оценка стоимости компании может производиться по следующим методам:

1) оценка по восстановительной стоимости (выясняются все затраты для создания с нуля точно такой же компании как целевая фирма, и не учитываются расчеты прошлой и будущей прибыли);

2) инвестиционный метод или метод средней доходности (заключается в сравнении прогнозируемого среднего дохода);

3) оценка на основе периода окупаемости (суть этого метода в том, что покупатель может установить период времени, через который инвестированный им капитал должен быть возвращен или окуплен);

4) метод рыночной стоимости (поиск на рынке аналогичных компаний);

5) метод дисконтирования будущей прибыли (окончательная цена целевой компании должна зависеть от ожидаемых покупателем денежных потоков в будущем) [5, с. 51].

В Казахстане же устоявшимся является разграничение следующих вариантов определения стоимости компании:

- экономическая стоимость;
- рыночная стоимость;
- балансовая стоимость;

-
- разделительная стоимость;
 - ликвидационная стоимость [7].

Четвертая особенность заключается в сторонах, между кем налаживаются переговоры. Если в Казахстане предложение о заключении сделки делается собственникам или директорам компании, то в США с предложением о заключении сделки, в основном, обращаются к менеджменту компании. А если предложение направляется напрямую собственникам или директорам, то это будет считаться «враждебным поглощением».

«Враждебное поглощение» предполагает, что потенциальный инвестор делает акционерам/учредителям компании публичную оферту (предложение) по покупке акций/долей без получения предварительного одобрения топ-менеджмента компании. Однако сама продажа акций/долей акционерами/участниками происходит исключительно добровольно, в рамках процедуры, установленной законодательством, без применения физического или психологического давления и отсутствия криминальных схем [5, с.95].

В постсоветских странах наряду с понятием «враждебное поглощение» используется понятие «рейдерство». Главное отличие «враждебного поглощения» от «рейдерства» состоит в том, что «враждебное поглощение» осуществляется на фоне законности действий сторон, т.е. с соблюдением всех условий законодательства, используя, так называемые, лазейки законов. В свою очередь, «рейдерство», как правило, реализуется на почве коррупции, подкупа и физической силы и, соответственно, регулируется уголовным законодательством, а «враждебное поглощение» - гражданским законодательством.

К причинам, способствующим «рейдерству» относятся:

- политическая нестабильность;
- коррупция;
- возможность установления связей с должностными лицами государственных органов, с их дальнейшим «способствованием» для заключения сделки;
- формирование теневого сектора экономики;
- несовершенство законодательства.

Рейдерство - это недружественное поглощение имущества и прав собственности, которое осуществляется с использованием недостаточности правовой базы и с коррупционным использованием государственных, административных и силовых ресурсов.

11 января 2011 года был принят закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия неправомерному захвату бизнеса и собственности (рейдерству)». Тогда впервые «рейдерство» было закреплено как юридический термин (в ст.249 Уголовного кодекса РК).

Согласно ст.249 Уголовного кодекса РК рейдерство – это незаконное приобретение права собственности на долю участия в юридическом лице, а равно имущества и ценных бумаг юридического лица или установление контроля над юридическим лицом в результате умышленного искажения результатов голосования либо воспрепятствования свободной реализации права при принятии решения высшим органом путем внесения в протоколы собрания, заседания, в выписки из них заведомо недостоверных сведений о количестве голосовавших, кворуме или результатах голосования либо составления заведомо недостоверного подсчета голосов или учета бюллетеней для голосования, блокирования или ограничения фактического доступа акционера, участника, члена органа управления или члена исполнительного органа к голосованию, несообщения сведений о проведении собрания, заседания либо

сообщения недостоверных сведений о времени и месте проведения собрания, заседания, голосования от имени акционера, участника или члена органа управления по заведомо подложной доверенности, путем нарушения, ограничения или ущемления права преимущественной покупки ценных бумаг, а равно умышленное создание препятствий при реализации права преимущественной покупки ценных бумаг либо иные незаконные способы, повлекшие причинение существенного вреда правам или охраняемым законом интересам граждан или организаций либо охраняемым законом интересам общества или государства [8].

Это явление, происходящее, в основном, в развивающихся странах с недостаточно развитой экономикой, несовершенным законодательством и где присутствует высокий уровень коррупции.

Таким образом, законом в Уголовный кодекс Республики Казахстан была введена ответственность за рейдерство, органы финансовой полиции были наделены правом проведения предварительного расследования по указанным преступлениям, а также в Гражданском процессуальном кодексе РК стало рассматриваться расширенное понятие "корпоративного спора", которое охватывает, в том числе, «враждебное поглощение». К корпоративным спорам относятся споры, стороной которых являются коммерческая организация, ассоциация (союз) коммерческих организаций, ассоциация (союз) коммерческих организаций и (или) индивидуальных предпринимателей, некоммерческая организация, имеющая статус саморегулируемой организации в соответствии с законами Республики Казахстан, и (или) его акционеры (участники, члены):

- 1) связанные с созданием, реорганизацией и ликвидацией юридического лица;
- 2) связанные с принадлежностью акций акционерных обществ, долей участия в уставном капитале хозяйственных товариществ, паев членов кооперативов, установлением их обременении и реализацией вытекающих из них прав, за исключением споров, возникающих в связи с разделом наследственного имущества или разделом общего имущества супругов, включающего в себя акции акционерного общества, доли участия в уставном капитале хозяйственных товариществ, паи членов кооперативов;
- 3) по требованиям учредителей, акционеров, участников, членов юридического лица (далее – участники юридического лица) о возмещении убытков, причиненных юридическому лицу, признании недействительными сделок, совершенных юридическим лицом, и (или) применении последствий недействительности таких сделок;
- 4) связанные с назначением или избранием, прекращением, приостановлением полномочий и ответственностью лиц, входящих или входивших в состав органов управления юридического лица, а также споры, возникающие из гражданских правоотношений между такими лицами и юридическим лицом в связи с осуществлением, прекращением, приостановлением их полномочий;
- 5) связанные с эмиссией ценных бумаг;
- 6) возникающие в связи с ведением системы реестров держателей ценных бумаг, с учетом прав на акции и иные ценные бумаги, а также споры, связанные с размещением и (или) обращением ценных бумаг;
- 7) связанные с признанием недействительной государственной регистрации выпуска акций;
- 8) о созыве общего собрания участников юридического лица;
- 9) об оспаривании решений, действий (бездействия) органов управления юридического лица [9].

Таким образом, с введением понятия «рейдерства» и расширением перечня «корпоративных споров» была предпринята попытка противодействовать неправомерному захвату бизнеса и собственности. Однако, практика Казахстана показывает, что в случаях рейдерства при присутствии кого-либо из высокопоставленных чиновников, не все факты рейдерства, совершаемые в стране, квалифицируются как уголовно наказуемые и даже не подпадают под название «рейдерство», а просто и непринужденно именуется как «поглощение».

В качестве итога можно сказать, что, к сожалению, на скорое изменение ситуации надеяться не приходится, так как «рейдерство» связано с системными проблемами нашего государства, которые сопряжены с высокой коррумпированностью. Поэтому считаем, что для ограничения рейдерских захватов следовало бы внести изменения и дополнения в законодательные акты для более эффективного обеспечения интересов предпринимателей. А также создать независимые структуры, которые переняли бы часть функции государственных органов, тем самым минимизируя вмешательство государственных структур.

Список литературы:

1 Слияния и поглощения (M&A). - URL: <https://digistr.ru/whatis/sliyaniya-i-pogloshheniya> (дата обращения: 15.03.2018).

2 Жуков А. Понятие «поглощение юридических лиц» в российской корпоративной практике // Право и экономика.-2006.-№ 9

3 Брейли Р. Принципы корпоративных финансов / Р. Брейли, С. Майерс. – М.: Олимп-Бизнес, 1997. – 1120 с.

4 Гомцяи С. В. Правила поглощения акционерных обществ: сравнительно-правовой анализ. М.: Волтерс Клувер, 2010.

5 Алдабергенова Б. Правовое регулирование сделок слияний и поглощений: Автореферат дисс...док.юрид.наук: Евраз.нац.универ. Астана, 2010.-149с.

6 Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.) – URL: <https://online.zakon.kz> (дата обращения: 20.03.2018).

7 Оценка и переоценка бизнеса, оценка компании. – URL: http://npv.kz/ocenka_biznesa (дата обращения: 20.03.2018).

8 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.01.2018 г.). – URL: <https://online.zakon.kz> (дата обращения: 21.03.2018).

9 Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.12.2017 г.) – URL: <https://online.zakon.kz> (дата обращения: 21.03.2018).

Түйіндеме

Біріктіру және қосып алу (жұтылуы)- бізге англо-саксон құқық жүйесінен енген ағылшын тілді термин. M&A дегеніміз заңды тұлғаның қайта құрылуы, екі, немесе одан да көп заңды тұлғалардың тиімділікті ұлғайту мақсатында бірігу үрдісі және де синергияға қол жеткізу мақсатында өздерінде барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз үстемшілігін арттыру.

Біріктіру және қосып алу үрдісі корпоративтік бақылауды қажет етеді. Бұл жерде корпоративтік бақылау деп сатып алушының компанияны басқару құқығына ие болу мақсатымен бақылау пакетін, акциясын сатып алуды түсінеміз. Барлық біріктіру мен қосылулар қайта құрылудың түрі бола тура, M&A-дің мәмілеріне жата бермейді, оған

қоса бар М&А-дің мәмілері де қайта құрылу түсінігін білдіре бермейді. Қайта құрылу дегеніміз заңды тұлғаны тарату немесе соған ұқсас заңды жағдайының өзгеруі, және де өзгеру иегерлік қатынасты туындатады. Бірақ қосып алу барысында тек оның негізін қалаушы иесі ғана ауыстырылуы мүмкін, ол болса Қазақстандық заң бойынша қайты құрылу болып табылмайды, тек мемлекеттік қайта тіркелу болады.

АҚШ-тың тәжіребесінде біріктіру мен қосып алу бойынша мәмілеге келу, заңды тұлғалардың мәлімет базасының бар болуы және қалыптасқан тәжірибе бойынша эксклюзивтік мәмілеге келу жолдары Қазақстандағы бірігу мен қосып алу мәмілесін дамыту мақсатына бейімделінеді.

Егер де қандай да бір компанияны күшпен иемдену АҚШ-та кешегі күннің еншесінде қалды десек, және «дұшпандықпен қосып алу» термині компанияның үлесін/акциясын екі жақты заңды түрде жасалатын шара болса, яғни заңның барлық бөлігі орындалу арқылы жүргізілсе, Қазақстан үшін «рейдерлік» шешілмес проблема болып табылады, және де біздің заңнамамызға жеке кәсіпкерлер үшін әлі де өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Summary

Merger and acquisition is an English - language term that has come to us from the Anglo-Saxon system of law. M&A transactions mean the restructuring of a legal entity, the process of consolidating two or more legal entities to increase efficiency, gain advantage through better use of their opportunities, achieve synergy. Mergers and acquisitions involve corporate control. In this case, corporate control is understood as the acquisition by the buyer of control shares in the company that grants the right to manage the company.

Not all mergers and acquisitions as types of reorganization are M&A transactions, nor are all M&A transactions subject to the notion of "reorganization". Reorganization is a termination or other change in the legal status of a legal entity that entails the relationship of legal succession, but only the change of founders can be taken during the takeover, which, in accordance with Kazakhstan's legislation, entails not a reorganization but only a state re-registration.

The U.S. experience regarding the issues of conclusion of transactions of mergers and acquisitions, the availability of an open database of legal entities and the practice of making agreements about exclusivity that limit the conclusion of mergers and acquisitions with third parties would be useful for its adaptation in Kazakhstan in development of mergers and acquisitions.

If the forceful seizure of companies for the United States has long been in the past, and the term "hostile takeover" means the purchase of shares/shares of companies with the legality of the actions of the parties in compliance with all the conditions of the law, for Kazakhstan "raiding" remains an unresolved problem, and our legislation has yet to make changes and additions for more effective maintenance of interests of businessmen.

Мухаметжанов М.Қ.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының
магистранты
ғылыми жетекші:
з.ғ.к., профессор Жайлин Ғ.А.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МӘМІЛЕ ИНСТИТУТЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада мәміле институтына қатысты кейбір өзекті құқықтық-теориялық мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: мәміле, мәміле институты, құқық, заң.

Мәміле институты азаматтық құқықтағы ең маңызды институттардың бірі болып саналады. Себебі, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау арқылы азаматтарда азаматтық құқықтар мен міндеттер пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады. Сонымен қатар, мәміленің тараптары болып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген барлық субъектілер танылады. Атап айтқанда: азаматтар мен заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністер.

Еліміз нарықтық-экономикалық қарым-қатынастарға белсенді түрде көшкелі бері азаматтық құқықтағы мәміле институтының алатын орны ерекше болып тұр. Азаматтық құқықтық қатынастардың басым көпшілігі мәмілелер арқылы туындайды. Мәміле қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде және олардың тұрақты сипатта болуына үлкен ықпал етеді. Мәміле жасау бұл өмірдегі күнделікті орын алып жатқан үрдіс. Сонымен қатар, мәміле сыртқы- экономикалық сауда саласында да кеңінен қолданылады. Мәміле жасау арқылы оның тараптары өз мүдделеріне сай қандай да бір құқықтық маңызы бар нәтижеге жетеді. Мәміле арқылы оның тараптарының көздеген мақсатын айқын білуге болады. Осы айтылғандардың нәтижесінде мәмілелерді азаматтық айналым қатысушыларының арасындағы қатынастың ең негізгі құқықтық нысанасы деп айтуға болады.

Бірақ, елімізде мәміле институтын жан-жақты зерттелген, біржақты тұжырым деп айтуға болмайды. Бұл тақырыпта зерттеу жүргізілген ғылыми еңбектер өте аз десекте болады. Сондықтан, нарықтық-экономикалық қарым-қатынастар жаңа серпіліс алып, дамып жатқан кезде, мәміле институтындағы кейбір өзекті мәселелерге жаңаша қарау қажеттілігі туындап отыр.

Мәмілелерді құқықтық реттеу мәселесін ең алғашқылардың бірі болып ежелгі Рим заңгерлері көтерген болатын [1, 280 б]. Демек, бұл мәміле институтының өте ежелден бері дамып келе жатқан құқық институттарының бірі екендігін білдіреді. Бірақ ежелгі Рим құқығында мәміле туралы қандай да бір жалпы ұғым қарастырылмаған болатын.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 147-ші бабына сәйкес: азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады [2].

Мәмілелерге мынадай белгілер тән:

1) Мәміле бұл әрқашанда адамдардың ерікті, ықтиярлы актісі болып саналады. Мәміленің ерікті сипаты оның тиісті құқықтар мен міндеттер туғызуға, оларды өзгерту және тоқтатуға бағытталуымен айқындалады.

2) Мәміле бұл заңды әрекет. Ол құқыққа қарсы, азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызатын әрекеттерден осымен ерекшеленеді.

3) Мәміле арнайы азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгертілуіне немесе тоқтатылуына бағытталған.

4) Мәміле әрқашанда құқықтық салдар туғызады.

Мәміленің белгілерін қарастыра келгенде, оның мәні тараптардың еркі мен ерік білдіруінен тұратынын атап өту қажет. Ерік дегеніміз- адамның мәміле жасауға деген тілегі, ниеті, яғни оның психикалық жай-күйі [3, 226 б].

Ерік ауызша немесе жазбаша, ым жасау арқылы және үндемеу арқылы жасалуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 151-ші бабының 4-ші тармағына сәйкес Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде мәмілеге ерік білдіру деп танылады. Бұл жерде үндемей қалу мәміле жасауға екінші тараптың қарсы емес екендігі ретінде қабылдау барлық кезде құқықтық тұрғыдан дұрыс шешім деп айтуға келмейді. Себебі, мәмілелердің өзіндік ішкі мазмұнына байланысты акцептің бұл түрін қолдану кез-келген жағдайда дұрыс деп бағалауға негіз бермейді. Бұл жағдайды мәміле институтындағы өзекті проблемалардың бірі ретінде қарастырып кетуге болады.

Мәміле бұл қашанда ерік білдіру болғандықтан, оны еркіне заңдық маңыз бере алатын тұлғалар ғана жасай алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтар мәмілелер жасай алмайды, ал әрекет қабілеттілігі шектеулі адамдар оларға заңмен рұқсат етілген мәмілелерді ғана жасай алады [4, 302-303 бб].

Мәміле заңда белгіленген нысанда жасалғаннан кейін ғана заңдық негізге ие болады, ал ол арқылы мәмілеге қатысушы өзінің еркін білдіреді. Мәмілелер ауызша немесе жазбаша түрде жасалады. Жазбаша мәмілелердің өзі жай немесе нотариалдық болып екіге бөлінеді.

Заңдарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, мәміле ауызша жасалуы мүмкін. Яғни, ауызша мәмілелер олар жасалған кезде атқарылатын мәмілелер. Мұндай мәмілелер мәміле жасаушы субъектінің мінез-құлқынан, яғни мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте жасалған деп саналады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жетон, билет, немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәміле, егер заңда өзгеше белгіленбесе, ауызша жасалған мәмілелерге теңестіріледі.

Мәмілелердің жай жазбаша нысаны белгілі бір құжаттарды жасау жолымен көрініс табады. Мысалы: хатты, хаттаманы, шарт мәтінін. Бұл жерде тараптар қол жеткізген келісімнің ережелері сипатталады.

Мәміленің ауызша нысанына қарағанда, жазбаша нысанның өзіндік артықшылықтары бар. Бұл, жасалған мәмілеге қатысты дау туындаған жағдайда тараптардың мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырылуымен сипатталады. Бірақ, заңнамамыз оны куәгерлік айғақтардан басқа дәлелдермен растау құқығынан айырмаған. Заңдарда немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген жағдайларда мәміленің жай жазбаша нысаны сақталмауы мәміленің маңызсыздығына әкеліп соқтырады.

Жазбаша түрде жасалған мәмілелерге тараптар немесе олардың өкілдері қол қоюы тиіс. Хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факс, электрондық құжаттар, электрондық хабарлар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу, егер заңдармен немесе тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі. Мәміле жасау кезінде қол қоюдың факсимилелік көшірмесін, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалануға жол беріледі. Осыған қатысты Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексінің 160-шы бабы құқықтық актілерде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда ғана мәтін мен қойылған қолдың факсимилелік көшірмесін пайдалануға рұқсат етеді. Демек, Ресей заңдары жалпы

ереже ретінде аталған құралдарды пайдалануға құқықтық маңыз бермейді. Бұл жерде біздің заңнамамыздың ұстанғаны дұрыс деп ойлаймын. Себебі, факсимилелік көшірме ұйымдардағы құжат айналымын жеңілдетсе, ал электрондық қолтаңба, әсіресе қазіргі кездегі электрондық құжаттардың кеңінен қолданылуына байланысты өте қажет және ыңғайлы.

Заңда немесе тараптардың келісімінде мәміленің нысанын күрделендіре түсетін арнайы ережелер қарастырылуы мүмкін (арнайы бланк, мөр).

Мәмілелерді нотариалды куәландыруды мемлекеттік, жеке нотариустар, қызмет ету аймағында нотариалды кеңсе жоқ болған ретте атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары, шетелдегі Қ.Р. консулдық мекемелері және уәкілеттілік берілген өзге де тұлғалар жүзеге асырады [5]. Мәмілені нотариалды куәландыру оның тек қана кейбір түрлеріне ғана қажетті болады. Мәміленің міндетті нотариалды куәландыру ережесін сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.

Заң бірқатар жағдайларда жасалған мәмілелерді тіркеуді талап етеді. Егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, заңнамалық актілерге сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 155-ші бабында көзделген. Мәмілелерді тіркеу келесідей бірқатар мәселелерді шешеді: 1) мәміле толық заңды күшіне енеді; 2) тіркеу туралы құжат субъектінің мәміле бойынша иеленген құқықтарын растайды; 3) бірінғай тіркеу жүйесі оларды жасау жеке емес, жария мүддені білдіретін мәміленің толық есебін жолға қоюға мүмкіндік береді; 4) мәмілені тіркеу, егер заңмен тыйым салынбаса, мүдделі тұлғаларға белгілі бір мәмілемен және олардан туындайтын құқықтармен танысуға мүмкіндік береді.

Мәміле өзінің жасалу ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді: 1) бір жақты және екі немесе көп жақты (шарттар); 2) ақылы және ақысыз; 3) нақты және консенсуалды; 4) каузалды және абстрактілі; 5) шартпен жасалған мәмілелер; 6) биржалық.

Біржақты мәміледе оның жасалуы үшін тек қана бір тараптың ерік білдіруі қажет болады. Оған мысал ретінде өсиет қалдыруды айтсақ болады. Ал екі немесе көп жақты шарттарда екі немесе одан да көп тараптардың келісілген ерік білдіруі қажет. Әдетте біржақты мәмілелер көп бола бермейді. Азаматтық айналым көбінесе өзара мәмілелерден құралады.

Егер бір тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алатын болса немесе өтеуіне өзге де нәрсе алуға тиіс болса, ол ақылы мәміле болып есептеледі. Ал, бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алса, онда бұл мәміле ақысыз болады. Оған мысал ретінде мүлікті тегін пайдалану шартын келтіруге болады.

Консенсуалды мәмілелер (латынша consensus – келісім) – келісімге келген сәттен бастап азаматтардың құқықтары мен міндеттері туындайтын мәмілелер. Нақты мәмілені жүзеге асыру үшін келісімнің бір өзі ғана жеткіліксіз, оған қоса затты тапсыру қажет.

Мәмілелердің каузалдық және абстрактілі болып бөлінуі оның жарамдылығы үшін аса маңызды болып табылады. Каузалдық мәміленің тағдыры оның жасалуының негіздемесіне түгелдей байланысты болады. Негіздеменің болмауы жасалып қойған біржақты мәміленің заңдық күшін жояды. Ал абстрактілі мәмілелер керісінше оның жасалу негізіне байланысты болмайды.

Азаматтық Кодекстің 156-шы бабында биржалық мәмілелер қаралған. Биржада айналымға жіберілген тауарларға, бағалы қағаздар мен басқа мүлікке қатысты құқықтары мен міндеттемелерді өзара беру туралы келісімдерді (биржалық мәмілелер) биржадағы қатысушылар тауар, қор және басқа биржалар туралы заңдарда

және биржа жарғыларында белгіленген тәртіп бойынша жасасады. Биржалық мәмілелер делдалдық жазбалармен рәсімделуі мүмкін және биржада тіркелуі тиіс. Биржалық мәмілелерге қатысты туындаған даулар тиісті биржа жанындағы биржа төрелігінде қаралады, оның шешіміне қатысты сотта дау айтылуы мүмкін.

Мәміле жасау үшін мемлекеттің келісімін алу міндетті емес, бірақ мәміле заң талаптарын бұзбауға тиіс, яғни мәміленің құқыққа қайшы болмауы шарт. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасы мәміле жарамдылығына үлкен талаптар қояды.

Мәміленің жарамдылық шарттарына мыналарды жатқызуға болады: мәміле мазмұнының заң талаптарына сәйкестігі, мәмілеге қатысушы тұлғалардың әрекет қабілеттілігі, тұлғаның еркі мен ерік білдіруінің сәйкестігі, мәміленің нысанының сақталуы.

Мәміленің мазмұны заңға қайшы келмеуі тиіс, яғни ол нормативтік құқықтық құжаттарға сай келуі қажет. Бұл жерде тек қана Азаматтық заңдардың ғана емес, сонымен қатар өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылмауы тиіс.

Мәміле бұл қашанда ерікті әрекет болғандықтан, оны тек қана әрекетке қабілетті азаматтар ғана жасай алады. Әрекет қабілеттілігі шектеулі азаматтар тек заңмен көзделген реттерде ғана мәміле жасай алады. Заңды тұлғалардың әрекет қабілеттілігі заңды тұлғаның қызметінің, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттары және заңды тұлғаның атынан мәміле жасауға құқығы бар заңды тұлға өкілдігімен сипатталады.

Мәміленің жарамды болуы үшін ерік және ерік білдіру бір-бірімен сәйкес келуі керек. Ондай сәйкестіктің жоқ болуы мәміленің жарамсыздығына әкеліп соқтырады.

Мәміле оның нысаны сақталған жағдайда ғана құқықтар мен міндеттер туғызады. Мәміленің нысаны тұлғалардың ерік білдіру әдісі болып есептеледі. Жоғарыда атап өткендей, мәміленің нысаны ауызша немесе жазбаша түрде болуы мүмкін.

Мәміленің жарамдылық шарттары бұзылған жағдайда, ол оның жарамсыздығына әкеліп соқтырады. Азаматтық құқық теориясында жарамсыз мәмілелер мынадай түрлерге бөлінген: а) субъектілік құрамының ақауы бар мәміле; ә) ерікке қатысты ақауы бар мәміле; б) нысанның ақауы бар мәміле; в) мазмұнында ақауы бар мәміле.

Субъектілік құрамының ақауы бар мәмілені екі топқа бөліп қарастырса болады. Оның біріншісі азаматтардың әрекет қабілетсіздігімен, екіншісі- заңды тұлғалардың арнайы құқық қабілеттілігімен немесе олардың органдарының мәртебесімен байланысты болады.

Қатысушылардың жасы мен психикалық жағдайынан туындаған әрекеттер мәміленің жарамсыз болуына басты негіз болып есептеледі. Ондай жарамсыз мәмілелерге Азаматтық Кодекстің 159-шы бабының 3,4,5,6,7-ші тармақтарында көрсетілген мәмілелерді жатқызуға болады.

Азаматтық кодекстің 159-шы бабында заңды тұлғалардың жасаған мәмілесін сот арқылы жарамсыз деп танудың мынадай негіздері қарастырылған: а) заңды тұлғаның заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін етіп не оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміленің жасалуы; ә) қажетті рұқсатты алмай, не рұқсаттың қолданылу күші біткеннен кейін жасалған мәміле; б) жозықсыз бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзған мәміле.

Еріктің ақауы бар мәмілелер екі топқа бөлінеді: 1) мәміле жасауға іштей келіспей жасалған мәміле; 2) ішкі еріктің дұрыс қалыптаспауы салдарынан жасалған мәміле. Бірінші топқа бір тараптың екіншісін алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен, бір тараптың екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәмілелер жатады. Еркінде ақауы бар мәмілелер адамның мәміле жасауға еркінің болмауы салдарынан

жарамсыз деп танылады, ал орын алған ерік білдіру мәмілеге қатысушының еркін емес, мәмілеге қатысушыға ықпал ететін өзге адамның ықпалын білдіреді.

Жарамсыз мәміленің тағы бір түрі ол кіріптарлық мәміле. Кіріптарлық мәміленің өзіндік үш белгісі бар. Олар: а) мүлде тиімсіз шарттармен жасалуы; ә) ауыр мән-жайлардың тоғысуынан жасалуы; б) тұлғаның еркінен тыс жасалуы. Бұл жағдайларда сот жәбірленушінің талабы бойынша ондай мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін.

Жарамсыз мәміленің келесі бір түрі нысанының ақауы бар мәміле. Бұл мәміленің жазбаша нысанының сақталмауына байланысты болып келеді. Азаматтық Кодекстің 153-ші бабының 2-ші тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында немесе тараптардың келісінде тікелей көрсетілген жағдайларда мәміленің жай жазбаша нысаны сақталмаған кезде мәміле маңызсыз болып саналады және ол оның жарамсыздығына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Енді мазмұнында ақауы бар мәмілелерге келетін болсақ. Мұндай мәмілелердің екі түрі болады: а) құқықтық тәртіп негіздеріне немесе адамгершілікке көрінеу қайшы келетін мәміле, ә) жалған немесе қулықпен жасалған мәмілелер. Аталған мәмілелер Азаматтық кодекстің 158-ші, 160-шы баптарында көрсетілген. Мұндай мәмілелерге мемлекеттің белгілі бір қызмет түріне монополиялық құқықты бұзатын, азаматтардың құқық қабілеттілігін шектейтін немесе мүліктің жекелеген түріне меншік құқығын шектейтін мәмілелер жатады.

Бұл орайда жалған және қулықпен жасалған мәмілелерді бір-бірінен ажырата білу шарт. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 160-шы бабында олардың қандай болатындарына анықтама берілген. Оған құқықтық салдар туғызу ниетінсіз, тек алдау үшін ғана жасалған мәмілелер жалған мәмілелер болып есептеледі және олар жарамсыз болып табылады. Егер мәміле екінші бір мәмілені бүркемелеу мақсатымен жасалса, онда ол қулықпен жасалған мәмілелер болып есептеледі. Бұл жерде, тараптар шын мәнінде ойлаған мәмілеге қатысты ережелер қолданылады.

Азаматтық Кодексімізге енгізілген соңғы өзгерістерге байланысты жарамсыз мәмілелердің тағы бір екі түрін атап кетсек. Олар дауланатын және маңызсыз мәмілелер. Дауланатын және маңызсыз мәмілелер жайында Азаматтық Кодексіміздің 157-ші бабында былай айтылған: «Мәміле сот оны осындай деп (дауланатын мәміле) тануына байланысты осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздер бойынша не осылай тануына (маңызсыз мәміле) қарамастан, заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздер бойынша жарамсыз болады». Яғни, дауланатын мәміле тек қана соттың шешімімен жарамсыз деп танылады, ал маңызсыз мәмілелердің жарамсыздығы заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздерде автоматты түрде жарамсыз болады, яғни бұл жерде соттың шешімі қажет емес. Бірақ, мәміленің маңызсыздығына байланысты дау туындайтын болса, онда мәміленің жарамсыздығын сот белгілейді.

Жарамсыз мәмілелердің дауланатын және маңызсыз болып бөлінуі көптеген шетел мемлекеттерінің азаматтық құқығында орын алып келген. Жарамсыз мәмілелерді дауланатын және маңызсыз деп бөлуге қатысты ғалымдардың пікірі әр түрлі болып келеді. Олардың кейбіреулері жарамсыз мәмілелерді дауланатын және маңызсыз деп бөлудің қажет еместігін айтып, оларды абсолютті жарамсыз және салыстырмалы түрде жарамсыз деп бөлудің тиімдірек екенін айтады. Себебі, даулы мәміле оны даулау процесінің қорытындысында маңызсыз болып танылуы мүмкін. Сонымен қатар, жарамсыз мәмілелердің бұл классификациясына өзінің оң пікірін білдіргендер де бар. Мысалы, профессор Диденко жарамсыз мәмілелерді бұлай бөлудің теориялық және практикалық маңызы өте зор екендегін айтып, мынадай мысал келтіреді: «қылмыстық ниетке жету мақсатында мәміле жасалды делік, бұл мәміленің сот оны жарамсыз деп таныған уақытқа дейін жарамды болып есептелуі,

құқықтың гуманистік мақсаттарына сәйкес келмейді » [6 , 321 б]. Жарамсыз мәмілелерді дауланатын және маңызсыз болып екі түрге бөлу дұрыс деп ойлаймын. Себебі, ол келесідей мәселелерді шешуде өз ықпалын тигізеді : 1) айқын құқық бұзушылықтардың жолын кесу; 2) соттың артық әуре-сарсаңынан арылу; 3) мәмілені жарамсыз деп тануда сот рәсімдерінің қажеттілігіне қатысты айқындық; 4) маңызсыз мәміленің тікелей заңдық нұсқаулары; 5) оларды сот арқылы алдын ала танымай-ақ, маңызсыз мәмілені қолдану салдарының мүмкіндігінің соңы; 6) мәміле тараптарының уақытша және материалдық шығындарын қысқарту.

Жоғарыда аталған мәміленің жарамдылық шарттары бұзылып, мәміле жарамсыз болып танылған жағдайда, тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның барлығын қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда, оның құнын ақшалай өтеуге міндетті. Аталған мәміле жарамсыздығының салдары Азаматтық кодекстің 157-1-ші бабында қарастырылған.

Әдебиеттер тізімі:

1 Кротов М.В. гл. 10. Сделки. Гражданское право: учеб.. в 3 т. Т. 1.6- Е изд., перераб. И доп./ Н.Д. Егоров, И.В. Елисеев и д.р.; отв. Ред. А.П. Сергеев, Ю.К. Толстой. М: ТК Велби, изд. Проспект, 2005.-604 стр.

2 Қ.Р. Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.

3 Жайлин Ғ. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқу құралы. (Жалпы бөлім)- Алматы: Жеті жарғы, 2012- 304 бет.

4 Басин Ю.Г. 11 тарау. Мәмілелер. Азаматтық құқық 1 том. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Жауапты ред.. М.К. Сулейменов, Ю.К. Басин- Алматы, 2003.- 736 б.

5 Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі N 155 Заңы.

6 Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко. - «Нур-пресс» - Алматы, 2006.- С. 321.

Резюме

В статье рассмотрены некоторые актуальные теоретико-правовые вопросы института сделки.

Summary

In the article some actual theoretical and legal issues of the transaction institute are considered.

**Мұрат Ж.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1 – ші курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
З.Ғ.Д., профессор
Ж.С. Алдибеков**

БИЛІК ТАРМАҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Автор бұл мақалада билік тармақтарының өзара әрекеттестігі мен билік тармақтарының қазіргі кездегі жағдайын анықтауға тырысады.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Мемлекеттік, заң, билік, парламенттік бақылау, нормативтік құқықтық акті, институт, заң шығару.

Мемлекеттік билік тармақтарының өзара әрекеттестік тетіктерін жеткілікті дәрежеде және тиімді қамтамасыз етуді зерделеуге болады.

Тетік билік тармақтарының және билік тармақтарына кірмейтін өзге де мемлекеттік органдардың заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілеріне парламенттік бақылау мен қадағалауды күшейту арқылы жүзеге асырылады. Ғ. Сапарғалиевтің пайымдауынша, әлі күнге дейін Парламенттің жанынан парламентаризм мәселелерімен шұғылданатын арнайы ғылыми мекеме құрылған жоқ. Парламент өзінің назарын ғылыми мәселелерге, оларды зерттеуге, заңдарға мониторинг жүргізуге, олардың өмірде қалай жүзеге асып жатқанына көңіл аударғаны абзал [1]. Шындығында заң шығарушы орган өзінің қабылдаған заңдарының қандай деңгейде орындалып жатқанын және оның негізінде қабылданып жатқан заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қандай мақсатқа бағытталғанына, оның заңға сәйкестігіне және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қайшы келмейтіндігіне көз жеткізуі керек. Бұл мәселе бойынша О. Сәбден де парламентаризмді дамыту жөніндегі институтты, заң шығаруды және құқық қолдану тәжірибесін мониторингтеу орталығын құру қажеттілігін айтады. Онда ғалымның пікірінше, заңнамалық актілерге тәуелсіз ғылыми және арнайы сараптама жүргізу, заң шығармашылық қызметтің негізгі бағыттарына болжам жасау, депутаттармен ұсынылған заң жобалары бойынша ғылыми дәйектер мен дәлелдеме дайындау, халықаралық парламенттік ұйымдармен бірлесе отырып, үлгі іспеттес заңдарды әзірлеу мен ұсыныстар енгізу және т.б. жұмыстар жүргізілуі тиіс [2, 84-85 б.]. Дегенмен, жоғарыда аталған парламентаризм институты «Нұр Отан» ХДП жанынан құрылған болатын. Бірақ бұл институт Парламенттің жанынан құрылмағандықтан, ол Парламент жұмысының қыр-сырын біле бермейді. Сондықтан біздің пікірімізше, мұндай бақылау мен қадағалауды Парламенттің тиісті саладағы комитеттері мен палата аппараттарының тиісті комитетпен өзара байланыс жасау жөніндегі бөлімдері жүзеге асыра алады. Үкіметтің шығарған актілерін бақылау мен қадағалау үшін, сонымен қатар Парламент депутаттарының заң жобасын әзірлеуге бастамасын жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Парламенттің кез келген сатыда заң жобасына қатысты өзіндік сараптама жүргізу үшін, біздің пікірімізше Парламент жанынан Сараптама және салыстырмалы талдау институтын құру қажет.

Мемлекеттік билік тармақтарының өзара әрекеттестігі – өзіндік мақсат емес, біздіңше ол Қазақстанның ХХІ ғасырда әлеуметтік-экономикалық, мәдени, құқықтық және өркениеттік жолмен даму бағытына түсу үшін алға қойған міндеттері. Қазіргі

таңдағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесіндегі проблема – билік тармақтарының өзара әрекеттестігінің қалыпты жағдайда болмауы және оны реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың әлсіздігі. Бұл өз кезегінде билік тармақтарының мемлекетті басқарудағы әлсіздігіне алып келеді.

Парламент жариялы орган болғандықтан, біздіңше оның кітап, журнал, газет қорына мол кітапханасы да жариялы болуы тиіс. Оның игілігін тек депутаттар мен аппарат қызметкерлері ғана емес, шығармашылық пен ғылымға сусындап жүрген халық көруі керек. Аталған кітапхананы пайдалану жас ғалымдар мен студенттер үшін қолайлы болуы шарт.

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің актілерінде және өзге де заңнамада оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады [3]. Байқап тұрғанымыздай, Парламент ең жоғарғы заң шығарушы және өкілді орган бола тұра қаржылық, ақпараттық, қызмет көрсету персоналдарымен (адами капиталмен) тікелей қамтамасыз етілмеген. Оны қамтамасыз етуді Парламенттің Шаруашылық басқармасы жүзеге асырады. Шаруашылық басқарма сонымен бірге Парламентті қаржыландыруда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады. Демек Парламентті қаржыландыру тікелей емес, оның шаруашылық басқармасы арқылы іске асырылады, ал бұл мекеме өз кезегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына қарасты және оның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Біздің пікірімізше, мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды рөл атқаратын заң шығарушы билік өзінің қарамағында Шаруашылық басқармасын иеленуі керек. Парламент қабылдаған заңдарының (басқарушылық шешімдердің) сапалы болып шығуы үшін, заң жобасын талқылау мен қабылдау барысында қаржылық (қосымша сараптама жүргізу үшін), ақпараттық, адами және т.с.с. ресурстар қажет етіледі. Сондықтан, заң шығарушы билік өзінің өкілеттігін жүзеге асыруға көзделген қаражатты өзі игеруі керек және қаражатты мақсатты игеру бойынша жауапкершілікті сезініп, басқа билік тармақтары мен мемлекеттік органдарға үлгі бола білуі тиіс. Онымен қоса, 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес, орталық мемлекеттік органдар тиімділігі бағаланатын мемлекеттік органдар қатарына жатады. Демек, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының қызметі де тиімділігі жөнінен бағаланады. Бұл мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау заң шығарушы органның қызметіне тікелей болмаса да, жанама түрде қатысты болып тұр. Себебі, Парламенттің Шаруашылық басқармасының қызметі, ол Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын мемлекеттік органның құрамында болғандықтан бағалаудың 7 бағыты бойынша жыл сайын бағалануы тиіс. Ал Парламенттің қызметі және оның қабылдаған заңдары Президенттің жарлығы бойынша тиімділігін тексерудің объектісі болып табылмайды және болуға тиіс емес. Керісінше, жарлықта көрсетілген мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері мен нормативтік құқықтық актілері заңдарға қайшы келмеуі тиіс және оның шеңберінен шығып кетпеуі керек. Біздіңше, Парламенттің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдар мен бөлімшелер, Парламенттің қарамағында болуы шарт. Біздіңше билік тармақтары теңдей өкілеттіктері мен функциялары бойынша ғана емес, сонымен қатар материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қаржылай қамсыздандыру және қызмет көрсету персоналдарын басқару жағынан да тәуелсіз болуы шарт. Біз мұнда Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы тиімсіз жұмыс жасауда дегеннен аулақпыз. Қазіргі таңда Парламенттің Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымдық мекемесі бола тұра,

Парламентке, оның аппаратына қажетті деңгейде қызмет көрсетуде. Дегенмен, біздің жобамыз бойынша Парламенттің жанынан ашылатын ғылыми-зерттеу институтының жұмысын қамтамасыз ету (депутаттардың бастамалары бойынша заң жобаларын әзірлеу, қабылданған заңдарға және оның негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізу) біршама қаржылық ресурсты талап ететіні анық. Осы тұрғыдан алғанда Парламенттің ең жоғарғы өкілді және заң шығарушылық қызметін қамтамасыз ету мақсатында Парламенттің Шаруашылық басқармасының Парламенттің құрамынан табылуы оң өзгерістерге алып келетіндігіне сенімдіміз. Бұл тек заң шығарушы биліктің өкілеттігін кеңейтіп қана қоймайды, ол сонымен қатар билік тармақтарының арасындағы қақтығыстар мен келіспеушіліктерді алдын алуға көмектеседі.

Біз Конституциялық Кеңестің қызметін саралаған кезде және ондағы сот билігінің басқа билік тармақтарымен өзара әрекеттестік тетіктерін қарастырғанда, Конституциялық Кеңеске өтінішпен жүгінетін субъект ретінде өзінің өндірісіндегі нақты істі қарастырып жатқан судья болуы керектігі жайында айтқан болатынбыз. Ал қазіргі таңда заң бойынша субъект ретінде тиісті сот және оның төрағасы танылуда. Бұл ереже сот корпусының тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді деп санаймыз.

Біріншіден, 2000 жылғы 25 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1 бабының 3 тармағына сәйкес, «судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады». Жалпы заң бойынша сот төрелігін іске асыруда соттың қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Егер де сот төрағасы ешбір себепсіз қол қоюдан бас тартса, өтініш қозғалыссыз қалып, Конституциялық Кеңеске жіберілмейтінін тағы да байқауға болады.

Екіншіден, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 23 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіліктерімен ерекшеленеді. Алайда дәл осы Конституциялық заңда қарастырылған аудандық сот төрағасының өкілеттігін қарастыратын 9 бапта, облыстық сот төрағасының өкілеттігін қарастыратын 14 бапта, сондай-ақ Жоғарғы Сот төрағасының өкілеттігін қарастыратын 20 бапта Конституциялық Кеңеске берілетін өтінішке тиісті соттың қол қоюы сияқты өкілеттіліктер, өкінішке орай, қарастырылмаған.

Біздің пікірімізше, Конституциялық Кеңеске заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тану жөніндегі өтінішпен жүгіну кезінде субъект ретінде нақты істі өз өндірісінде қарастырушы, сонымен қатар нақты істі шешу үшін қолдануға тиісті заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің адамның және азаматтың Конституциямен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапқан жекелеген судья немесе тиісті сот құрамы (сот алқасындағы тиісті сот құрамының мүшелері) танылуы тиіс. Сонымен қатар, соттың өтінішпен жүгінудің объектісі болып кез келген нормативтік құқықтық актілер танылмауы тиіс. Объект ретінде тек Президент пен билік тармақтарының қабылдаған нормативтік құқықтық актілері танылуы қажет. Өзге мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері сот тәртібімен де жойылуда.

Сот билігіне заң шығару бастамасы құқығын беру қажет. Бұл біраз жылдан бері заңгер-ғалымдармен және саясаткерлермен көтеріліп келе жатқан мәселе. Текке көтеріліп жүрмесе керек. Себебі, Жоғарғы Сот заң шығару бастамасын заңнамалық тұрғыдан иеленбесе де заң жобаларын әзірлеумен шұғылданып жүргенін

тәжірибеден көруге болады. Жоғарғы Соттың төрағасы Б. Бекназаровтың баяндамасына сәйкес «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы заң жобалық жұмыстарының жоспарына сәйкес, Жоғарғы Сот төрт заң жобасын дайындау жұмыстарын жүргізуде... Бұдан тыс, Жоғарғы Сот Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы, Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын дайындауға белсенді түрде қатысуда. Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың өкілдері өзге мемлекеттік органдар дайындаған, Парламент Мәжілісі мен Сенатының қарауындағы бірқатар заң жобаларының жұмыс тобының мүшелері» [4, 19-20 б.].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес прокуратураның да заң шығару бастамасы құқығы жоқ, ол құқықты Бас прокуратура өзі бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының Президенті арқылы жүзеге асыруына болады. Бірақ тәжірибеде прокуратура органдарының сот билігі сияқты заң жобалары бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган болып табылатын жағдайлар кездеседі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары Ж. Асановтың пайымдауынша, 2013 жылы Бас прокуратураға жеті заң жобасын әзірлеу тапсырылған, оның ішінде жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстері және оларға ілеспелі жобалар [5, 80 б.].

Полагаю мнение экспертов бизнес-школы «Сколково» и Агентства стратегических инициатив по продвижению новых проектов, о том, что «Профессия нотариуса устареет из-за возможности оформлять документы через интернет и совершать банковские операции с использованием электронной подписи, возможностью подключения к базам данных для проверки подлинности личности, отсутствия судимостей или платежеспособности делает функции нотариуса устаревшими. Вскоре эта профессия может сохраняться только благодаря устаревшим нормам законодательства» [2, с. 266-267], ошибочно и преждевременно, так как интернет и цифровые технологии, конечно же, не смогут заменить интеллектуальный труд и профессионализм специалистов данной категории. Ведь суть нотариальной деятельности не сводится лишь к «проставлению подписи» и «установлению личности обратившегося за совершением нотариального действия». Под нотариальной деятельностью понимаются специальные действия, совершаемые уполномоченными государством лицами, направленные на защиту прав и законных интересов граждан и юридических лиц, путем удостоверения их в строгом соответствии с действующим законодательством. При совершении любого нотариального действия нотариус обязан разъяснять обратившимся лицам их права и обязанности, разъяснить суть совершаемого нотариального действия, чтобы юридическая неосведомленность не могла быть использована им во вред.

Статья 3 Закона Республики Казахстан «О нотариате» дает следующее определение нотариальной деятельности: «Нотариальная деятельность - это совершение нотариусом нотариальных действий, предусмотренных Законом РК «О нотариате» и иными законодательными актами Республики Казахстан. В случаях и пределах, установленных настоящим Законом, отдельные нотариальные действия могут совершать специально уполномоченные должностные лица. Нотариальная деятельность в Республике Казахстан основывается на принципах законности, независимости, тайны нотариальных действий. Нотариальная деятельность не является предпринимательской

деятельностью. В осуществлении нотариальной деятельности нотариусы и другие уполномоченные на совершение нотариальных действий лица независимы и подчиняются только закону. При этом они руководствуются настоящим Законом и другими нормативными правовыми актами, а также международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан, регуливающими такую деятельность». Таким образом, можно сделать вывод о том, что развитие информационных технологий и автоматизация различных процессов должна лишь способствовать улучшению качества совершаемых нотариальных действий и защиты прав и имущественных интересов граждан и юридических лиц. Если брать в сравнение различные исторические периоды, то можно сделать вывод, о том, что особенно плачевным было состояние нотариата в период советской власти, это было связано с тем, что в период советской власти отсутствовал институт частной собственности и роль нотариата в экономической жизни общества была сведена к минимуму: нотариусы занимались удостоверением сделок, вели наследственные дела. В советский период происходила так называемая инволюция (что является полной противоположностью эволюции), о чем свидетельствует сокращение и сужение функций нотариата. Но если рассматривать законодательство советского периода о нотариате, то можно судить о том, что даже в период полного отсутствия института частной собственности, нотариат был востребован самим обществом, поэтому он и не был «ликвидирован» и упразднен до конца. Однако несовершенство действующего гражданского законодательства и законодательства о нотариате создает ошибочное мнение о том, что возможна замена нотариусов иными специалистами, путем автоматизации процессов совершения нотариальных действий. Действительно, развитие цифровых технологий, затронуло практически все сферы жизнедеятельности человека и общества в целом. И конечно нотариат не остался в стороне. Рассмотрим объективную возможность вытеснения компьютерами института нотариата, который ни одно тысячелетие стоял на страже законности и правопорядка. Возможно ли вытеснение человеческого ресурса в этой сфере? Какое влияние оказали информационные технологии на развитие нотариата в Казахстане? На основании Указа Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года» была разработана Государственная программа «Цифровой Казахстан» на 2017 - 2020 годы. Основной целью данной программы является – повышение качества жизни населения и конкурентоспособности экономики Казахстана посредством прогрессивного развития цифровой экосистемы. Программа стала фундаментом для цифровой трансформации экономики страны и способствовала развитию следующих факторов: перехода к информационному обществу, совершенствованию государственного управления, созданию институтов «открытого и мобильного правительства», росту доступности информационной инфраструктуры не только для корпоративных структур, но и для граждан страны. [4].

В развитии и становлении нашего государства – это необходимый и своевременный этап. Этого требует развитие всего мирового сообщества, это неизбежные процессы, происходящие в развитии человечества, так называемая социальная эволюция. Ученые-правоведы, занимающиеся проблемами нотариата должны обратить внимание на тот факт, что нотариат проживал различные реформы, происходившие в обществе, каждый раз адаптировался под новые условия развития государства. Конечно, внедрение цифровых технологий, формирование электронных баз данных, автоматизация различных процедур, на сегодняшний день, значительно облегчило и упростило порядок оформления нотариальных действий. В значительной степени сократились сроки оформления отдельных документов нотариусами. Подключение нотариусов к

определенным базам данных физических лиц, к электронным базам недвижимости, к базе данных автотранспортных средств имели положительный результат в сокращении сроков обслуживания населения, на переход к более качественному осуществлению отдельных нотариальных действий, объединили нотариусов республики в одну единую сеть. 15 июля 2010 года Законом Республики Казахстан № 337-IV «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития "электронного правительства" в Законе Республики Казахстан от 14 июля 1997 года "О нотариате" появилось понятие об Единой нотариальной информационной системе. [5]. В соответствии со статьей 4-1 Закона РК «О нотариате» - единая нотариальная информационная система - это аппаратно-программный комплекс, предназначенный для автоматизации нотариальной деятельности и взаимодействия органов юстиции и нотариальных палат. [6]. В 2012 году практически все нотариусы республики были подключены к Единой нотариальной информационной системе (ЕНИС) и получили доступ к информационным базам данных, а именно к базам данных физических лиц, к базе данных юридических лиц, в последствии к базе данных по недвижимости, и к базе данных управления дорожной полицией по автотранспортным средствам.

Среди стран постсоветского пространства, Казахстан один из первых внедрил электронные системы во многие секторы экономики, было внедрено и на сегодняшний день успешно функционирует электронное правительство – e-gov.kz Все вышеперечисленное ставит перед отечественным нотариатом новые задачи, решение которых требуется на законодательном уровне. Перед нотариатом стоят новые вызовы времени, изменившиеся запросы общества и государства – это естественный процесс. К примеру, развитие интернет ресурсов, развитие социальных сетей привело к развитию массовой торговли через интернет –магазины. К сожалению, данная сфера отношений на сегодняшний день остается законодательно не урегулированной. Тогда как торговля через интернет ресурсы стремительно растет и развивается. Законодательные «дыры» образовавшиеся в интернет пространствах порождают и недобросовестное поведение участников гражданского оборота, факты злоупотребления доверием клиентов и факты мошеннических действий. В последнее время, различные сайты пестрят сообщениями и объявлениями о продаже «аккаунтов», «инстаграм аккаунтов для бизнеса», «продается аккаунт в инстаграм с подписчиками», «продажа интернет сайтов» и прочие объявления с пометкой для бизнеса. В нотариальной практике не редки случаи, когда граждане и/или юридические лица обращаются за удостоверением сделок, связанных с отчуждением своих аккаунтов в социальных сетях. Стремительное развитие торговли через интернет ресурсы вызывает особый интерес среди бизнесменов и предпринимателей различного уровня, и это не удивительно, так как это новая сфера общественных отношений, позволяющая увеличить объем продаж путем наименьших затрат. Однако в таких случаях, нотариус вынужден отказывать в совершении таких нотариальных действий, так как данная сфера остается законодательно не урегулированной. Закон РК «О нотариате» содержит исчерпывающий перечень нотариальных действий, и не позволяет его расширительного толкования, что не позволяет выйти за рамки действующего законодательства.

Вышеперечисленное свидетельствует о том, что в обществе назрела необходимость законодательного урегулирования указанных гражданско-правовых отношений. Если обратиться к Гражданскому кодексу РК, то конечно есть понятие «свободы договора» статья 380 ГКРК, в которой говорится, что «граждане и юридические лица свободны в заключении договора. Понуждение к заключению договора не допускается, за исключением случаев, когда обязанность заключать

договор предусмотрена настоящим Кодексом, законодательными актами или добровольно принятым обязательством. Стороны могут заключить договор, как предусмотренный, так и не предусмотренный законодательством». [7]. Но, к сожалению, в рассматриваемом случае очень сложно идентифицировать предмет продажи, так как отсутствует законодательное закрепление таких понятий, как «интернет аккаунт», «интернет сайт», «логин» и прочих, актуальных определений, которые на сегодняшний день уже прочно вошли в гражданский товарооборот. Граждане и юридические лица, как правило, в таких ситуациях обращаются к нотариусам для защиты своих прав и интересов, для юридического закрепления своих прав собственности в виртуальном пространстве. Но в данной ситуации отечественный нотариат безнадежно отстал от современных реалий! Если обратиться к истории слова account, то английский вариант слова «account» (дословно переведенный как «аккаунт») был впервые использован в русскоязычном сегменте для обозначения банковских счетов. Но не так давно, с появлением интернета, этот термин переключался в область информационных технологий. Теперь же аккаунт – это совокупность данных, которая описывает пользователя. В отличие от логина, который лишь идентифицирует его, аккаунт содержит больше информации. В каждом конкретном случае это может быть разный набор данных. Приведем несколько простых и известных всем примеров.

Аккаунт — это учетная запись пользователя, которая содержит все сведения о человеке. Для однозначной идентификации посетителя используется логин и пароль. Кроме них аккаунт может хранить дату рождения, пол и интересы пользователя. Вся эта совокупность данных и есть аккаунт. При регистрации на любом ресурсе, будь то социальная сеть **ВКонтакте** или сервис мгновенных сообщений **ICQ** или **Skype**, вы создаете аккаунт. Также он иногда называется профилем. Для регистрации необходим электронный адрес почтового ящика. Информация о почтовом ящике, требуется администрации ресурса для предотвращения множественных регистраций. Происходит это следующим образом: вам отправляется специально сгенерированное письмо со ссылкой, пройдя по которой вы завершаете регистрацию. То есть для того, чтобы завести много аккаунтов, требуется и много почтовых адресов. Так же, привязка к почте позволяет однозначно идентифицировать посетителя.[8]. Из выше предложенного толкования вытекает сразу несколько сфер, подлежащих законодательному урегулированию – это и защита персональной информации, необходимость официальной регистрации администраторов сайтов, провайдеров и прочих собственников интернет пространства, для их идентификации и возможности привлечения к ответственности в случае нарушения прав собственников аккаунтов, и конечных потребителей товаров, распространяемых через интернет. Также все чаще при удостоверении гражданско-правовых договоров и сделок, стороны заинтересованы во включении в качестве одного из основных условий договора размещения тех или иных сведений о компании на официальном сайте другой стороны. К примеру, нотариусом была удостоверена сделка между двумя юридическими лицами, в которой компания «А» отчуждает часть своей доли в уставном капитале компании «Б», и как одно из условий отчуждения требует от компании «Б» размещения на официальном сайте компании «Б» информации о компании «А» в качестве официального партнера на протяжении определенного периода времени. Компания «Б» после успешного переоформления своих прав на приобретенную часть доли, в нарушение своих обязательств не выполняет указанного в сделке условия. Компания «А» для закрепления факта нарушения обязательств со стороны компании «Б» обращается к нотариусу для удостоверения факта отсутствия на сайте компании «Б» указанной информации и просит удостоверить достоверность

скриншотов страниц сайта компании «Б» в качестве обеспечения доказательств для дальнейшего оспаривания, совершенной сделки в судебных органах. И в этой, казалось бы, довольно распространенной ситуации, нотариус ограничен в возможностях и вынужден отказать в совершении нотариального действия, так действующее законодательство о нотариате не предусматривает удостоверение нотариусом скриншотов интернет страниц. В действительности, конечно глава 17 Закона РК «О нотариате» закрепляет процедуру обеспечения доказательств, нотариусом, необходимых в случае возникновения дела в суде или другом компетентном органе. Пункт 1-2 статьи 98 Закона РК «О нотариате» гласит: «По просьбе заинтересованных лиц нотариус обеспечивает доказательства, необходимые в случае возникновения дела в суде или другом компетентном органе, если имеются основания полагать, что представление доказательств впоследствии станет невозможным или затруднительным. Нотариус не обеспечивает доказательств по делу, которое в момент обращения заинтересованных лиц к нотариусу находится в производстве суда или другого компетентного органа». Статья 99 Закона РК «О нотариате» описывает процедуру и порядок обеспечения доказательств, однако анализ данных статей показывает насколько ограничены действия и возможности нотариуса в указанном нотариальном действии.

Ученые-правоведы, юристы-практики, занимающиеся проблемами нотариата, само нотариальное сообщество должны в настоящее время акцентировать свое внимание на изменениях, происходящих в обществе и вести активную работу над выводом института нотариата на новый уровень развития учитывая стремительно развивающиеся экономические отношения. Необходимо рассмотреть возможность дальнейшего расширения полномочий нотариусов в сфере защиты прав и законных интересов физических и юридических лиц на интернет ресурсах и в виртуальном пространстве. Это область общественных отношений стремительно растет и развивается, поэтому на сегодняшний день является актуальным и своевременным проведение правового анализа и мониторинга, действующего законодательства о нотариате, нотариальному сообществу необходимо проявить законодательную инициативу с целью устранения существующих пробелов и выдвижения конкретных предложений по внесению указанных изменений.

Список литературы:

- 1 Ляпидевский, Н. История нотариата. - М.: 1975. - С. 2.
- 2 Бизнес-школа «Сколково» и Автономная некоммерческая организация «Агентство стратегических инициатив по продвижению новых проектов» «Атлас новых профессий» 2015. С 260-263.
- 3 Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года»
- 4 Закон Республики Казахстан № 337-IV «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития "электронного правительства" от 15 июля 2010 года
- 5 Закон Республики Казахстан «О нотариате» от 14 июля 1997 года
- 6 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года № 268-ХІІІ.
- 7 Из сайта <http://myblaze.ru/> Портал о высоких технологиях и Интернете. Все о создании и продвижении сайтов. Авторские уроки по HTML и PHP. Самые подробные определения различных терминов, руководства по выбору техники и многое другое.

Түйіндеме

Мақалада, Қазақстан Республикасындағы нотариат институтының келелі мәселелері және болашақтағы даму барысы туралы сұрақтар, экономикалық және саяси жағынан үдемелі дамып келе жатқан Қазақстандағы нотариаттың маңызын анықтау және орнын бекіту, заманауи азаматтың тауар айналымының талаптарына нотариаттың бейімделу мүмкіндігі қарастырылады.

Нотариаттың құқық қорғау институты ретінде әлеуетін ашу, ол өз кезегінде біздің қоғамымыздың экономикалық тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне мүмкіндік туғызар еді, сонымен қатар, шетелдік инвестицияның Қазақстан нарығына қызығушылығын арттырар еді.

Summary

The article discusses the issue on problems and prospects of the development of the institution of the notarial system in the Republic of Kazakhstan, definition and fixation of the place and role of the notarial system in progressively developing economic and political relationships of Kazakhstan, possibility to adapt the notarial system to the requirements of modern civil commodity turnover.

Disclosure of the potential of the notarial system, as a human rights institution, which could promote economic stability and security of our society, as well as enhance the market attractiveness of Kazakhstan for foreign investments.

УДК: 297:340.15 (574)

Турлыханова Д.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының
магистранты
ғылыми жетекші
з.ғ.к., доцент Терликбаев Қ.Т.

ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҒЫНА ИСЛАМНЫҢ ӘСЕР ЕТУ ДЕҢГЕЙІ

Бұл мақалада Шариғаттың Қазақстан жеріндегі құқықтың қайнар көзі ретіндегі рөлі туралы тарих және құқық жайлы әдебиеттер мен мәліметтерге талдау жасалынады. Шариғат нормаларының тәжірибе жүзінде қолданысқа ену ісіне әсер еткен мән-жайлар қарастырылады.

Кілт сөздер: ислам; шариғат; әдет-ғұрып; ереже; қылмыс; жаза.

Шариғаттың Қазақстан жеріндегі құқықтың қайнар көзі ретіндегі рөлі туралы сұрақ тарих және құқық жайлы әдебиеттерде сан рет көтерілген.

Қазақстанның Ресей империясы құрамына кірместен бұрын ұзақ уақыт қазақтар ислам дінінде болғанын негізге алып, біршама ғалымдар XVIII-XIX ғғ. қазақтарда құқықтың ең негізгі көзі ретінде шариғат болғанын айтады. Олар ислам дінін қабылдаған Шығыс халықтарында шариғаттан басқа да құқықтың жүйелері болу мүмкіндігін жоққа шығарады. Мысалы, мұсылмандық құқықтың зерттеушілерінің бірі Н.Торнау 1892 жылы былай деп жазады: «Ислам ілімін ұстанушылар үшін заңды күшке ие тек бір ғана құқық бар. Ол – шариғат. Өзге әдет-ғұрыптық құқықтың қолданылуы мұсылман ғалымдарының көзқарасы бойынша мүмкін емес [1, 7 б.]. Осы пікірді

мақұлдайтын И.П.Остроумов өзінің мұсылмандық құқық бойынша жазылған еңбегінде былай дейді: «Түркістандық, Бұхарлық, Түрік және т.б. мұсылмандар деген орыстар, француздар, ағылшындар және т.б. сияқты түрлі кодекстармен емес өздерінің сенімдері мен өмірлерінде тек бір ғана заңды ұстанады» [2].

XX ғ.басында Шығыстың түрлі халықтарының қайнар көздері туралы жоғарыда айтылған пікірлері өзінің кең етек жаюына мүмкіндік алды. Бұл тұжырымдарды панисламистер мен пантюркисттер өздерінің Шығыс халықтарының «бір дін», «бір мәдениет», «бір құқықтық санада» дегендей идеяларын таратуда қолданды. Панисламистер мұсылман халықтарында шарифаттан басқа құқық нормалары жүйесінің болуын мүлдем жоққа шығарады. Панисламист Датиев А. 1911 ж.былай деп жазады: «Құқықтық кодекс ретінде, шарифатқа бірнеше ғасырлар бойы Кавказ тауларының ұлы да, кең даланың қырғыздары да және Арабияның ыстық құмдарының баласы да теңдей бас иген».

Мұндай пікірлердің жақтаушылары қазақтардың құқық негізі ретінде шарифатты ғана алға тарту арқылы қазақ қоғамындағы құқықтық көзқарастардың тәуелсіз дамуы мен қалыптасуын, қазақтың өзіндік әдет-ғұрыптық құқығының теріске шығарды деуге болады.

Бір жағынан, ресейлік патшалық әкімшіліктің шенеуніктерінің қазақ жеріне бағытталған колонизаторлық мақсатта қазақтың өзіндік әдет-ғұрыптық құқық нормаларын сақтауға тырысты. Олар қазақтардың қарапайым құқығы ежелден келе жатқан «Әдет» түсінігіне ғана негізделген деп санады, және шарифаттың әсерінен сол құқықта болған өзгерістерді мойындамағандай болды.

Шарифат Қазақстанда қолданыста болған құқықтың қайнар көзінің бірі болды. Алайда, Қазақстанда шарифат қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы секілді кең етек жайып, күнделікті өмірде тәжірибеде қолданыста болмады. Қазақ жеріндегі шарифаттың рөлі мен әсері жайлы уақыт, орын және сол уақыт пен орындағы жағдайды ескере отырып қана қарастыруға болады.

XVIII ғ. басына дейін шарифат Қазақстанда басым түрде маңызды бола қойған жоқ болатын. Ислам дінін қазақ жерінде одан да ерте кезеңдерде қабылданғанымен, феодалдық негіздердің ерекшеліктері бұл діннің жылдам дамуы мен орнығуына мүмкіндік бере қоймады. Көшпелі және жартылай көшпелі жағдайдағы халықты қазақ қоғамының үстем тап өкілдері мен ақсүйектері үшін шарифаттың жазылған нақты заңдарымен өздерін әсерін азайтпау мақсатында қалыптасқан әдет-ғұрыптық құқық нормаларына сүйенуді жөн көрді. Бұған қоса халықтың басым көпшілігінің сауатсыздығы да бар, ал шарифат заңдары араб тілінде баяндалған. Ислам дінін формальды түрде ұстану міндетті түрде халықтың әлеуметтік-құқықтық саласында шарифаттың нормаларының қолданысқа бірден кіретінін білдірмейді.

Академик Бартольд қазақ даласындағы ислам дінінің күшеюін XVIII ғ. екінші жартысынан басталғанын айтады: «Оған дейін көшпенділер тек аты жағынан ғана мұсылман болған». Бұл жағдай негізінен қазақ халқының көршілес Орта Азиялық хандықтар және Татарстанмен жасасқан сауда-саттық қатынастармен байланысты.

Шарифат ережелері мен нормаларының таралуы ісінде патша үкіметінің саясаты да маңызды рөл ойнаған. Патшалық Ресей қазақтардың көршілес мұсылман елдерінің әсеріне ұшырауы мен билігіне мойынұсынуынан қауіптенгендіктен, Қазақстандағы мұсылман дінінің таралуын құптамады. Себебі, көрші мұсылман елдерінің артында ағылшын және түрік жаулаушылары тұрған. Колониялар мен әсер ету сферасы үшін таласта олар патшалық Ресейдің қауіпті бәсекелестері болатын. Солай дей тұра, бір жағынан исламды феодалдық тап идеологиясы ретінде және колонизаторлық мақсаттарда қолдануға тырысты.

Қазақстандағы исламның таралуына патшалық үкіметтің қатынасы келесі бір 1868 ж. «Временное положение об управлении в степных областях» атты жобаға жасалған үкіметтік комиссияның түсініктеме жазбасында байқалады. Ол жазбада: «Біздің қазақ даласында билік жүргізуіміздің басында-ақ қырғыз халқы мен Орта Азияның барлығында да саяси мүдделерімізді нығайту қажеттілігі олардың діндерінің дербестігін мойындауды қажет етті. Дәл осы себеппен қоса өз тарапымызға даланың хандар, сұлтандар және басқа да беделді адамдарын тарту мақсаты алғаш кезден-ақ біздің үкімет исламуизмге тек толық толеранттылық қана көрсеткенімен қатар, белгілі бір дәрежеде қолдаушылық та жасады».

Жоғарыда айтылған себептерге сай патша үкіметі ислам дінін тарату мақсатында бірқатар ірі шаралар қабылдады. Екатерина II үкіметі Қазақстан жерінде мешіттер салу, қазақ даласына молдаларды жөнелту, қазақ халқын ең қажетті деген мөлшердегі Құран Кәрім даналары жіберу сияқты шараларды ұйымдастырып, оны өздері үшін белгілі дәрежеде пайдалы санады. Мәселен, 1782 ж. Уәли сұлтанның хан ретінде тағайындау кезінде Орынборлық генерал-губернаторға келесідей бұйрық беріледі: «Орта Ордасының (Орта жүз» мағынасында. Авт.) көшпелі жолдары шекараларындағы ыңғайлы деген орындарда Құдайға құлшылық жасау рәсімдеріне арналған мешіттер салындар» [3].

Генерал-губернатор Игельстромның атына 1785 ж. шыққан «Түрлі руларды қырғыз молдаларымен қамтамасыз ету туралы» Жарлықта: «Ру-тайпаларды қырғыз молдаларымен қамтамасыз ету біздің істерімізге елеулі пайда әкелуі мүмкін, сондықтан сіздер сондайларын анықтап, Қазан татарларынан сенімді адамдарды сұраттырып, қырғыздардың бізге адалдығында ұстауға арналған қажетті нұсқауларды беріңіздер» делінеді [3].

Сондай-ақ: «Сол молдаларға : «Ақша беріп және үлкен көлемді марапаттауға үміттендіріңдер» [3]. 1886 ж. 12 қараша айындағы Жарлықта «Қырғыз даласында мешіттер жанында мектептер ашу туралы» айтылады. Ал 1887 ж. 21 сәуіріндегі Жарлықта «Кіші Орданың сұлтаны, атқамінерлері мен депутаттарының өтініші бойынша: Оларды Қазан губерниясынан шақыртып алынған молдалардың керек болған санымен қамтамасыз етуге тырысу қажеттілігі» жайында айтылады [3].

Қазан қаласынан басқа Қазақстанға келетін мұсылман діни қоғамының өкілдері келетін діни орталықтың бірі Бұхара болатын. XVIII ғ. соңына қарай қазақтың бірқатар феодалдық ақсүйектері өздерінің билігін нығайту мақсатында ислам қағидаттарын меңгеру үрдісіне белсенді түрде қатыса бастады. XIX ғ-дың I-жартысында сұлтандар мен молдалардың қарапайым қазақтарды мешіттерге қамшылап кіргізу жайттары кездесе бастаған және олар мұндай әрекеттерді қалыпты және аса пайдалы деп санаған. Бұл мәселеге қатысты Харузин А. былай деп жазады: «Құдай үйіне қамшымен айдап кіргізуді қажет ететін халықты діни халық ретінде санауға келмейді және сол күштеп мешітке айдалған мұсылманды жақсы мұсылман дей алмаймыз, ол тек атымен ғана мұсылман» [4, 94 б.].

Осылайша, XVIII ғ. II-жартысынан бастап, қазақ даласына ислам негізінен феодалдық ақсүйектер арқылы царизм режимімен күштеп таратылып отырды. 1864 жылы Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Мұсылмандық заңдар қырғыздармен қабылданбаған және үкіметтік бастама жолымен қазақ даласына енгізілді» [5, 177 б.].

Шариғат нормаларының тәжірибе жүзінде қолданысқа ену ісі хандар мен сұлтандардың жекелеген көзқарастарына тәуелді және тікелей байланысты болды. Қазақстанда патриархалды-феодалдық қатынастардың күйрей бастауының алғашқы кезеңдері басталған, яғни XIX ғ.басында хандық билік әлсіреп, патша үкіметі қазақтардың ішкі істеріне белсенді араласа бастады. Қазақ феодалдық ақсүйектерінің

кейбір бөлігі шариғат ережелері мен ислам діні арқылы ескі тәртіп пен хандық билікті сақтап тұруға тырысты.

Қазақ билерінің көпшілігі сауаты ашылмаған болғандықтан, олар өздерін Құран ережелерімен шектегісі келмей, қалыпты құқықтары бойынша істерді шешкісі келді. Мұндай жағдайға қатысты XVI ғ. I-жартысында өмір сүрген поляк заңгері Цезариннің келесі сөздері келеді: «Біздің адамдар римдік құқықты ұнатпайды, себебі оны оқып-үйреніп, ішінде орманда жүргендей адасасын, ал бізде әркім өзінше ата-бабасынан үйренгендей соттайды» .

XIX ғ. екінші жартысында қазақтың әдет-ғұрып құқығындағы дінге қарсы қылмыстарға жататын әрекеттер шеңбері шариғаттың әсерінен кеңейе бастайды.

Шариғат кейбір жекеше алынған қылмыстарға тағайындалатын жазаларды да белгілі бір дәрежеде өзгерткен.

XX ғ. басында Сырдария облысының кейбір аудандарында әйел адамдардың беті ашық күйде жүргені үшін түрмеге қамау жағдайлары болған. Ол қамау кей жағдайларда бірнеше айларға дейін созылған [6, 122 б.].

Демек, шариғат қазақтық дәстүрлі құқығына толықтай емес, тек жанама түрде белгілі бір дәрежеде әсер еткенін байқауға болады. Қазақ қоғамының үстем тап өкілдері шариғат нормаларын өз мақсаттарында пайдаланған. Шариғат нормалары қазақ қоғамында «таза» түрінде қолданылмаған. Оның кейбір нормалары XIX ғ-да қазақтың әдет-ғұрып құқығы нормаларымен араласып отырған. Қазақ қоғамында шариғат нормаларының қолданыста ең жиі кездескен істері ол дінге қарсы жасалған қылмыстар мен неке және отбасылық қарым-қатынастар саласында болатын.

Екінші бөлімге қысқаша қорытынды жасап өтсек.

1. Шариғат феодалдық құрылымның бір бөлігі бола тұра, өзінің экономикалық базисін нығайту мақсатында белсенді қызмет етті.

2. Діни «қабыршықпен» оралған шариғаттың қылмыстық-құқықтық нормалары арқылы феодалдар классының экономикалық және де саяси мүдделері қорғалды.

3. Ислам ережелеріне негізделген шариғат феодалдық әдет-ғұрып құқығынан да реакциялық жағынан асып түсті. Діни фанатизм, басқа дін өкілдеріне қарсы жеккөрушілік және т.с.с. құбылыстар агрессиялы әрі жаулап алу саясатын түсіндіреді.

4. Жасалған қылмыстар үшін шариғаттың тағайындайтын жазалары түрлі қинау немесе масқаралу шараларымен сипатталады. Сондай-ақ, шариғат қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы секілді қанды кек, құн төлеу жүйесі және т.б. патриархалды-тайпалық қатынастардың ескіліктеріне жол береді.

5. Шариғат Қазақстанда қолданыста болған құқықтың қайнар көздерінің бірі болған. Негізінен, дінге қарсы деп танылған қылмыстар мен отбасылық-некелік қатынастардағы қылмыстарды қарастыру кезінде қолданылған.

6. Қазы-молдалар соты өзге Орта Азиялық хандықтармен салыстырғанда мүлдем мардымсыз таралған. Олар негізінен тек Қазақстанның Оңтүстік аудандарында қызмет еткен.

7. Шариғат белгілі бір дәрежеде қазақтың дәстүрлі құқығына әсер етті. XIX ғ. кезінде шариғаттың жекелеген нормалары қазақтың әдет-ғұрып нормаларымен өзара сабақтастық табады.

8. Қазақстандағы шариғаттық реакциялық рөлі келесіден тұрды:

а) шариғат патриархалды-феодалдық қатынастардың нығаюына қызмет етті;

ә) ол Орта Азиялық хандықтардың Қазақстанға қатысты агрессиялы саясатының құралы болды;

б) шариғат Орта Азия хандары мен қазақ сұлтандарымен Ресейге қарсы феодалдық соғыстар жүргізуге қолданылды. Ресейге қарсы әрекеттер газават, яғни «қасиетті соғыс», ислам діні үшін, көпірлерге қарсы соғыс ұрандарымен жасалды. Сол

хандар мен сұлтандар арқылы сондай-ақ тікелей агенттер арқылы ағылшын және түрік колонизаторлары шарифатты өз мақсаттарында қолданды;

в) жергілікті бай-феодалдар мен патша үкіметі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарымен күресте шарифатты қолдануға тырысты.

г) шарифат Кеңес үкіметіне қарсы күресте ішкі және сыртқа күштердің құралының бірі болды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Торнау. Особенности мусульманского права. СПб, 1982.
- 2 Остроумов И.П. Мұсылмандық құқықтану. «Туркестанские ведомости» газеті, №29, 1909 ж.
- 3 1-е Полное собрание законов Российской империи. № 15352
- 4 А.Харузин. Киргизы Букеевской орды. СПб, 1889
- 5 Ч.Валиханов, Сочинения,- Алма-ата: Казахская Советская энциклопедия, 1985.
- 6 «Дала уәлаятының газеті», 1888, № 51

Резюме

В данной статье рассматривается степень влияния ислама на право Казахов а также определение влияния ислама на общественно-политическую жизнь Казахов.

Summary

In this article the degree of influence of islam is examined in a right for Kazakhs. The aim of this article is determination of influence of islam on social and political life of Kazakhs

УДК: 347.2:342.4 (574)

**Хойлибаев Е.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1 курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., доцент
Тагаев А.Ө.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасы азаматының әкімшілік – құқықтық мәртебесінің негіздері мен ерекшелігін қарастырған.

Кілт сөздер: Әкімшілік құқықтық мәртебе, конституциялық құқықтар, әкімшілік құқықтық субъектісі, мемлекеттік билік, Әкімшілік құқықтың жеке субъектілері

ҚР – сы азаматының әкімшілік – құқықтық мәртебесі дегеніміз азаматтың мемлекетті басқаруға қатысуын және жариялы әрі жеке мүдделерін қамтамасыз ететін заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Бұл азаматтың мәртебесінің көп түрлерінің (саяси,

еңбек, т.б. қатар) бір түрі, оны жүзеге асыру атқарушы билік органдарының және олардың лауазымды адамдарының тиісті іс – әрекеттерімен байланысты. Әкімшілік құқық атқарушы билік органдарының қызметін ұйымдастырумен байланысты қатынастарды реттейді. Олардың құрылымын, өкілеттіктері мен құзіретін, сонымен бірге олардың арасындағы өзара іс-қимылдарын анықтайды. Әкімшілік құқықпен, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының азаматтармен және өздерінің құзіреттеріне сәйкес мемлекеттік емес ұйымдармен өзара әрекеттесуі барысында туындаған қатынастары, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты қатынастар реттеледі. Мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп танылатын азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етіп, оларды құқықтық реттеп отыратын пән – әкімшілік құқық пәні болып табылады

2. Әкімшілік құқық субъектілері деп ҚР заңдарына сәйкес әкімшілік құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастарға қатысушы тұлғаларды айтамыз. Әкімшілік құқық субъектілері жеке және ұжымдық субъектілер болып екіге бөлінеді.

Әкімшілік құқықтың жеке субъектілеріне – ҚР азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, лауазымды тұлғалар жатады.

Әкімшілік құқықтың ұжымдық субъектілеріне – ҚР Үкіметі, Министрліктер, агенттіктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, қоғамдық және діни бірлестіктер кәсіпорындар және коммерциялық емес ұйымдар жатады.

2. Жеке субъектілерді қарастыру ең алдымен азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесінен басталады. Сондықтан азамат деген түсінікті анықтап алу қажет. *Азаматтық дегеніміз* – адамның адамгершілігін, негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген олардың өзара байланысты құқықтарының, міндеттері мен жауапкершілігінің жиынтығынан көрініс табатын адамның мемлекетпен тұрақты түрдегі саяси құқықтық байланысы. Азаматтық белгісі бойынша жеке тұлғалар бірнеше топқа жіктеледі: ҚР азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, қос азаматтығы бар адамдар. Азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесі дегеніміз – азаматтардың әкімшілік құқық нормаларымен бекітілген субъективтік құқықтарының, заңды міндеттерінің және жауаптылығының жиынтығы.

Азаматтардың әкімшілік құқықтық мәртебесі азаматтардың әкімшілік құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінен, олардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерінен тұрады. Құқық қабілеттілігі азаматтардың әкімшілік құқықтық қатынастарға түсуге мемлекет белгілеген және қорғайтын мүмкіндігі.

Азаматтардың әкімшілік әрекет қабілеттілігі – азаматтың құқығымен берілген өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға, өзінің жүріс-тұрысына заңды жауапты болуға және белгіленген міндеттерді орындауға бейімделген қабілеті. Әрекет қабілеттілік толық (18 жастан), шектеулі (16 жастан) және ішінара (7 жастан) боп бөлінеді.

Азаматтардың жалпы құқықтық мәртебесі ҚР – ның Конституциясымен, қолданып жүрген Қазақстан заңнамаларымен айқындалады

Азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесінің бірнеше ерекшеліктері бар[7.96б].

Біріншіден, оның күрделі кешенді сипаты бар және онда адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, жеке адам мен ұжымның қарым қатынастарын білдіретін конституциялық, азаматтық, қаржы және басқа құқық салаларының нормалары көрініс табады.

Екіншіден, нұсқамалардың міндеттілігі бойынша онда не тек құқықтар ғана (мысалы, азаматтың қандай да болмасын бір инстанцияларға ұсыныс, арыз және

шағым беру туралы өтініш жасау құқығы), не міндеттер ғана (мысалы, жол жүру ережелерін сақтау), не тек міндеттер болады (мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде азаматтың іс бойынша қабылданған қаулыға шағым беруге құқығы бар және оған салынған айыппұлды белгіленген мерзімде төлеу міндетін атқарды).

Үшіншіден, азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесінің мазмұны бір жағдайларда қандай да болмасын бір адамның қалауына байланысты болады (мысалы, азамат аң аулау мылтығын алу үшін ішкі істер органдарына рұқсат алуға өтініш жасайды), ал өзге жағдайларда ол оның қалауына қарамастан қалыптасады (мысалы, ұсақ бұзақылық жасаған азамат әкімшілік ұстауға тартылады да полицияға жеткізіледі).

Төртіншіден, азаматтың әкімшілік – құқықтық субъектісі ретінде құқықтық мәртебесі барлық азаматтар үшін жалпы болып табылатын құқықтар мен міндеттерді (мысалы, өртқауіпсіздігі ережелерін сақтау міндеті), азаматтардың тек қандай да болмасын бір санатына ғана тиісті болатын құқықтар мен міндеттерді «мысалы, автомобиль көлігін жүргізушілерге, кәсіпкерлерге, аңшыларға), сондай – ақ нақты жеке адамдардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды (мысалы, босқындар немесе амалсыздан қоныс аударғандар болып табылатын адамдар).

Азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесі күрделі заңдық құрылым болып табылады [8.94б]. Ол әр түрлі төрт маңызды құрамдық элементтерден тұрады.

Бірінші, құқықтар мен міндеттердің аса маңызды бөлігі тұлғаның, адамның әкімшілік құқықтық субъектісі ретіндегі құқықтық мәртебесі болып саналады. Қазақстан мемлекетінде тұлғаның, адамның жағдайын құқықтық реттеу негізгі, басым орын алуға тиіс, өйткені құқық пен мемлекет, оның органдары мен лауазымды адамдары қоғамға, әрбір тұлғаға, әрбір адамға қызмет етеді деген идеяны білдіреді. Дәл осы пікір Конституцияның 1- б- да бекітілген ҚР – ның «ең қымбат қазынасы – адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» дегеннен көрініс тапқан[9].

Конституцияның 1 – ші және басқа баптарында тұжырымдалған тұлға мен мемлекеттің қарым – қатынастарының сипаты дүние жүзінің көптеген мемлекеттері үшін жалпы танылған болып табылады, ол Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық ұйымдардың қабылдаған аса маңызды актілерінде бекітілген.

ҚР – ның Конституциясы және соған негізделген заңнамалар бойынша тұлға, адам оның қызмет, қоғамдық немесе мүліктік жағдайына ұлтына, діни сеніміне, т.б. қарамастан, қазақстанда құқықтың барлық салаларының субъектісі болып табылады, сол үшін тұлғаның құқықтық мәртебесінің негіздері Конституцияда бекітілген, сонымен бірге адамның бұл мәртебесінде әкімшілік құқық нормалары да маңызды орын алады.

Әкімшілік – құқықтық мәртебенің екінші құрамдық бөлігі ҚР – сы азаматының мәртебесі болып саналады. Әрбір азаматтың әкімшілік – құқықтық субъектісі ретінде өзінің азаматтық құқықтық мәртебесі бар.

Азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесін айқындайтын әкімшілік құқықтың нормалары оның мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Бұл бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұру құқығы (Конституцияның 32- бабы), мемлекет ісін басқаруға қатысу туралы нормалар (33-б), әскери қызмет атқару міндеті (36 –б), т.б. Одан кейін – бұл азаматтың шаруашылық – еңбек қызметіндегі әкімшілік – құқықтық мәртебесін белгілейтін нормалар, мысалы, Республикада жеке меншік, оның ішінде жерге де танылады және ол мемлекеттік меншікпен бірдей қорғалады (6-бап. 1,3 – т.); заңды түрде алған қандай да болмасын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады, сонымен бірге соттың шешімінсіз ешкімді де өз

мүлкінен айыруға болмайды (26- б. 1,3-т), әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығы(26- б, 4- т), еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы (24 – б, 1- т). Ақыр соңында, азаматтың қоғамның мүдделерін қозғамайтын жеке немесе отбасы аясындағы әкімшілік – құқықтық мәртебемін белгілейтін нормалар, оның ішінде әдебиет, сурет, ғылыми – техникалық шығармашылықтарға құқығы, фамилиясын өзгертуге құқығы.

Жеке адам тұлға, сосын азамат мәртебесін алған кезден бастап оларға әкімшілік – құқықтық мәртебенің үшінші элементі – әлеуметтік қосылады. Ол азаматтың нақты кәсіпкерлік еңбек қызметімен айналысу, оқу, Қарулы Күштер құрамында қызмет атқару, т.б. үшін қажет. Азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесінің төртінші элементін ерекше мәртебе деп атайды, ол азаматтардың өздерінің тек жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзінің қалауымен, жеке ынтасымен иеленетін құқықтар мен міндеттерді қамтиды. Бұл, мысалы, әуесқой – аң аулаушылар, әуесқой – жүргізушілер, кәсіби емес – спротшылар, туристер, коллекция жинаушылары, т.б. Олардың барлығы таңдаған ісімен айналысу үшін ресми құжат алады, сонымен бірге әрбір ерекше субъект үшін белгілі бір топ құқықтар мен міндеттер тағайындалған.

Жеке адамның демократиялық құқықтары мен бостандықтарын, сондай – ақ олардың міндеттерінің кешенін тек бір ғана ресми түрде жариялау азаматтың құқықтық мәртебесінің проблемасын әлі толығымен шешпейді. Бұл мәртебе күнделікті өмірде іс жүзінде жүзеге асыруды, әрі оның шынайы кепілдіктерін қажет етді.

Осыған байланысты азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөнінде атқарушы биліктің рөлі туралы мәселе қою сөзсіз туады. Бұған барлық қажетті негіздер бар.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру механизмі, сонымен, әдетте, екі міндетті сатыдан тұрады:

а) азаматтың ерік білдіруінен;

ә) өкілетті атқарушы органның (лауазымды адамның) бұл ерік білдіруге ресми көңіл бөлуінен.

Соңғы саты шешуші рөл атқарады, өйткені бұл орган азаматтың ынтасы бойынша пайда болған мәселені біржақты заңдық биліктік тәртіппен шешуге құқылы.

Әрине азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда атқарушы билік органдары ерекше рөл атқарады деп түсінуге болмайды. Мемлекеттік – биліктік механизмнің өзге буындары (мысалы, сот билігінің субъектілері), сондай – ақ қоғамдық бірлестіктер де бұл процеске белсенділікпен қатысады. Дегенмен де нақ сол атқарушы органдардың қолында бұл үшін қажетті ұйымдық – құқықтық сипаты бар тетіктер тікелей жинақталған.

Егер конституциялық нормаларда азаматтың жалғыз мәртебесі өзінің саяси – заңдық көрінісін табатын болса, онда әкімшілік – құқықтық нормалар, құқықтың өзге салаларының нормалары жеке адамның, мысалы, азаматтық – құқықтық, еңбек және өзге қатынастардағы, мәртебесін рәсімдеу сияқты, олардың нақты – заңдық мәртебесін бекітеді. Осылай жалпы құқықтық мәртебені нақтылай іске асырылады, ол өзінің көрінісін мысалы, азаматтың әкімшілік – құқықтық мәртебесінен табады. Соңғы конституциялық құқықтықтар мен бостандықтардың, сондай – ақ азаматтарға мемлекеттік басқару аясында заңдармен және заңға тәуелді актілермен берілетін және солармен кепілдендірілген өзге де құқықтардың жиынтығынан құралады.[10.786]

Әдебиеттер тізімі:

1 Таранов А.А. Административное право. Академический курс. А., 2002.

2 А.П.Алехин, А.А.Кармолицкий, Ю.М.Козлов. Административное право Российской Федерации. М., 1996 г., с.99.

3 ҚР Конституциясы 30.08.1995 ж.

4 Бахрах Д.Н. Административное право. М., 1996 г. С. 256.

Резюме

В данной статье автор рассматривает особенности административно-правового статуса гражданина Республики Казахстан.

Summary

In this article, the author reviews the basics and features of the administrative and legal status of a citizen of the Republic of Kazakhstan.

Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ АКАДЕМИИ
ИМЕНИ Д.А. КУНАЕВА
№ 1 (64), 2018г.**

Научный журнал



Подписано в печать 27.04.2018г. Формат 60x84 ¹/₈.
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 17,25. Тираж 500 экз. Заказ № 000023.



Адрес издательства:
г. Алматы, ул. Ади Шарипова 120
8 (727) 327-41-95, +7 (777) 214-02-50, +7 (707) 214-02-50
almaprintmaster@gmail.com